

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ
2016 ЖЫЛҒЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



2-БӨЛІМ

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ
2016 ЖЫЛҒЫ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ



ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ДББҰ	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы;
ЖОО	Жоғарғы оқу орны;
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы;
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
АТО	Ақпараттық-талдау орталығы;
ЖАО	Жергілікті атқарушы орган;
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
ҚР ҚМ	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
ШЖМ	Шағын жинақты мектеп;
Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы;
ҰҚУ	ҚР ҚМ Ұлттық қорғаныс университеті;
«Өрлеу» БАҰО	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы;
ҰТО	Ұлттық тестілеу орталығы;
ҰҚУ	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті;
ББРО	Білім беру ресурстары орталығы;
ББ	Білім беру бөлімі;
ПОҚ	Профессорлар-оқытушылар құрамы;
ҚР	Қазақстан Республикасы;
РФММ	Алматы және Астана қалаларындағы «Республикалық Физика- математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары;
ТОЖ	Типтік оқу жоспары;
БББ	Білім беру басқармасы;
СББР	Сандық білім беру ресурстары;
БББО	Білім беру бағдарламалары орталығы;
ПӨО	Педагогикалық өлшеулер орталығы;
ПШО	Педагогикалық шеберлік орталығы;
«Жас ұлан» мектебі	ҚР ҚМ С.К. Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі;
ОҚО	Оңтүстік Қазақстан облысы;



«2020 жылға дейін 12 жылдық білім беруге толық ауысу жүзеге асырылады.

Зияткерлік мектептерде апробациядан сәтті өткеннің барлығы бүкіл мемлекет бойынша үш, ең көбі – төрт жыл ішінде енгізілуі керек...»

*Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың
Парламенттің VI шақырылымының бірінші
сессиясында сөйлеген сөзі
25.03.2016 ж.*

МАЗМҰНЫ

	ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ АЯСЫНДА ДББҰ ҚАМТЫҒАН ҰЙЫМДАР ТІЗІМІ	5
	КІРІСПЕ	6
	САПАРЛАР	8
1 - ТАРАУ	БІЛІМ МАЗМҰНЫН ӨЗІРЛЕУ	9
2-ТАРАУ	30 ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ	13
2.1.	БІЛІМ МАЗМҰНЫН АПРОБАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ	14
2.2.	КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН АПРОБАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ	21
3-ТАРАУ	БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСУ	23
3.1.	АСТАНА ҚАЛАСЫ	24
3.2.	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	27
3.3.	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	28
3.4.	ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ «ЖАС ҰЛАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАРЫ	31
3.5.	РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА МЕКТЕБІ	33
3.6.	РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ РЕТІНДЕ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚР АЙМАҚТАРЫНДА ЖҮРГІЗГЕН ЖҰМЫСТАРЫ	35
4-ТАРАУ	БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ	37
4.1.	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕР (ОӨК)	38
4.2.	САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ	41
4.3.	ЖҮЙЕЛІ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН (ЖЭК) ПОРТАЛЫ	44
4.4.	БАСЫЛЫМДАР	45
5-ТАРАУ	ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ДАМУ ЖӘНЕ АРТТЫРУ	49
5.1.	ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ	50
5.2.	ОРТА БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢА RTU ШЕҢБЕРІНДЕ ТРЕНЕРЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ	50
5.3.	ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ	51
5.4.	КУРСТЫҚ ОҚЫТУ САПАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ	54
5.5.	ПЕДАГОГ КАДРЛАРҒА КУРСТАН КЕЙІН ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ	57
5.6.	ПЕДАГОГ КАДРЛАРҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ	59
5.7.	БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ЖАРИЯЛАНЫМДАР	62
6-ТАРАУ	БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНЕ ҚОСЫМША ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ	63
6.1.	ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	64
6.2.	ЖАЗДЫҚ МЕКТЕПТЕР МЕН ТАҢДАУ КУРСТАРЫ	65
6.3.	КІТАПХАНАЛАР	66
6.4.	РОБОТ ТЕХНИКАСЫ	67
6.5.	КОНФЕРЕНЦИЯЛАР МЕН ФОРУМДАР	68
	РЕСЕЙДЕН КЕЛГЕН ДЕЛЕГАЦИЯЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖАЙЛЫ ПІКІРІ	71
	ҚОСЫМШАЛАР	74

ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ АЯСЫНДА ДББҰ ҚАМТЫҒАН ҰЙЫМДАР ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР БҒМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

ҚР БАҰО «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы

ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»

ҚР БҒМ «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы

ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығы

ҚР БҒМ Ақпараттық-талдау орталығы

Алматы және Астана қалаларындағы «Республикалық физика-математика мектебі»

19 ЖОО (педагог мамандықтары бойынша)

25 аймақтық колледж

ҚР ҚМ ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті

ҚР ҚМ С.К.Нұрмағамбетов атындағы 4 «Жас ұлан» республикалық мектебі

16 облыстық Білім беру басқармасы

201 аудандық және қалалық білім беру бөлімдері

Республика бойынша 211 әдістемелік дәрісхана

30 пилоттық мектеп

35 базалық мектеп

Қызылорда облысының 45 инновациялық мектебі

Астана қаласының 12 жалпы білім беру мектебі

Ақмола облысы, Аршалы ауданының 18 шағын жинақты мектебі

Мемлекеттің 7 мыңнан астам жалпы білім беретін мектептері



КІРІСПЕ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (ДББҰ) қызметінің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі тәжірибені мемлекеттің білім беру жүйесіне тарату болып табылады.

ДББҰ Қазақстанның білім беру кеңістігінде өзінің жетекші рөлінің маңызын арттыра отырып, білім беру ұйымдарымен ұлттық және аймақтық деңгейлерде өзара әрекеттестікті нығайтудың қажеттілігін мойындайды, сондықтан осы Жылдық есепте ынтымақтастыққа ерекше басымдылық беріледі.

Білім беруді жаңғыртуды оның барлық саласында бірдей, бір мезгілде жүргізу сирек кездесетін жағдай. Әлемнің көптеген елдерінде білім беру жүйесіне инновацияларды енгізу үшін «эксперименттік алаң» немесе «озық мектеп» тәсілдемесі қолданылады. Мысалы, Англияда, Сингапурда, Қытайда инновацияларды енгізудің ғылыми негізі болып табылатын озық мектептер қызмет атқарады. Қазақстанда ондай алаңдардың қызметін Зияткерлік мектептер орындайды.

Бұл тәсілдеме - білім мазмұнын, педагогика мен бағалауды оқушылардың мұқтаждықтарына және мұғалімдердің дамуына тұтас және жүйелі кіріктіру арқылы білім беруді өзгертуге бағытталған күрделі жұмыс.

ДББҰ-ның мемлекет деңгейіндегі күрделі мәселелерді терең талдау арқылы шешуге, әлемдік білім кеңістігін кеңінен қамтуға, жоспарлы білім беруге, ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге зор мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша ДББҰ Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-мен бірігіп, озық халықаралық және отандық тәжірибелерге талдау жасап, түрлі тұжырымдар жасады. Соның негізінде жаңартылған білім мазмұнын әзірледі және оны еліміздің жалпы білім беретін 30 пилоттық мектепте апробациядан өткізді.

Жаңа стандарт мемлекетте түрлі мүдделі тараптар: білім беруді басқару органдарымен, әдіснама мамандарымен, ғалымдармен, колледж өкілдерімен, мемлекеттік органдармен және бизнес-құрылымдармен, педагогтармен және ата-аналар қауымдастығымен бірге кеңінен талқыланды.

Қазақстан Республикасының Парламенті мен Мәжілісі аймақтарға кері байланыс беріп, өзекті мәселелерді комитет отырыстарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінде қарастырып, жаңа МЖМБС-ты енгізуге үлкен қолдау көрсетті.

Көптеген кездесулер мен пікір алмасулар көпшіліктің және жергілікті қоғамдастықтың көзқарасын өзгертуге себеп болды. Форумдар мен блогтардағы пікірлер ел ішінде білім мазмұнын жаңартуды қолдайтынына дәлел бола алады.

Қазақстан Республикасының 25 жылдығын тойлау білім беру жүйесі үшін де ерекше оқиға болды. 2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап еліміздің барлық мектептерінің 1-сыныптарында жаңартылған білім мазмұны жаппай енгізіле бастады.

Зияткерлік мектептер республиканың 16 аймағында оқу үдерісіне инновацияларды енгізу бойынша ресурс орталықтарына айналды.

Стандарт пен оқу бағдарламаларын әзірлеумен бірге жаңартылған білім мазмұнын енгізу барысында оқыту тәсілдемелері мен озық технологиялары бойынша мұғалімдерді дайындау қатар жүргізілді.

2016 жылы ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын, жергілікті іс-шараларды және ынтымақтастықты мүдделі тұлғалармен республикалық деңгейде үйлестіруге едәуір күш салынды.

2016 жылдың тамыз айында болған республикалық конференция – ДББҰ жүргізген түсіндірме жұмыстың нәтижесі. Барлық оқу материалдары мен білім беру ресурстары жергілікті атқарушы органдардың өтініші бойынша аймақтық тамыз кеңесінде үлестіріліп, таратылды. Бұл өз кезегінде, еліміздегі мектептердің әрбір педагогына жеткізуге мүмкіндік берді.

Осылайша, ДББҰ тәжірибесін тарату кешенді түрде жүзеге асырылады: білім мазмұны - бағалау жүйесі - тәрбиелеу жұмысының жүйесі - педагогтардың біліктілігін арттыру.

2016 жылы тәжірибені тарату жұмысының негізгі нәтижесі:

- ▶ **85 мыңнан астам педагогты**, оның ішінде – **41 909 педагогты** ПШО негізінде (**7 192 үйлестірушіні** критериалды бағалау бойынша және **8 737 мектеп тренерін** оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша), 44014 адамды - "Өрлеу" БАҰО негізінде жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқыту.
- ▶ Мемлекеттің барлық педагогтарына әзірленген ресурстарға ЖӘК арқылы кіру рұқсатын беру;
- ▶ **2016 жылдың 1 қыркүйегінен** бастап 7160 жалпы білім беру мектебінің бірінші сыныптарында **жаңартылған білім мазмұнын республиканың білім беру жүйесіне жаппай енгізу.**

ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ҚР Үкіметінің білім мазмұнын жаңарту мәселесін қолдауы барлық мүдделі тараптарға жігер беріп, уақытша болатын сын-тегеуріндерді көтеруге және республикада білім берудің жаңа озық жүйесін құруға үміттендіреді.

Елімізде білім мазмұнының ауқымды жаңартылуымен қатар ҚР Қорғаныс министрлігінің, Қызылорда, Ақмола облыстары және Астана қаласы әкімдерінің бастамасы бойынша бірқатар аймақты және білім беру ұйымдарымен жасалған меморандумдар шеңберінде жан-жақты озық дайындау жүзеге асырылуда.

Бұл есепте ДББҰ-ның тәжірибесін тарату бойынша істелген жүйелі жұмыстардың материалдары берілген.

ДББҰ негізгі қызметі – Қазақстанда 2019 жылға дейін жаңартылған білім мазмұнын енгізу және мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату аясында жүзеге асырылады.

САПАРЛАР

2016 жылы Зияткерлік мектептерге Елбасы – Н. Назарбаев, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г. Әбдіқалықова, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д. Назарбаева және бірнеше рет әртүрлі елдердің делегациялары ресми іс-сапармен келді.





Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Г.Н. Әбдіқалықованың Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепке келуі





Елбасы Н.А. Назарбаевтың Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепке келуі



ҚР премьер министр орынбасары Д.Н. Назарбаеваның Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепке келуі




Татарстан делегациясының Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепке келуі




Мәскеу мектептері директорларының Астана қаласындағы Зияткерлік мектепке (ІВ) келуі

Якутия, Саха Республикасы делегациясының Астана қаласындағы Зияткерлік мектепке (ІВ) ресми сапары



ЮНЕСКО делегациясының Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепке келуі

Әзірбайжан елшілігі делегациясының Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепке ресми сапары



Олимпиада жеңімпаздары, 2012 жылғы жазғы олимпиада ойындарының алтын медаль иегерлері Серік Сапиев пен Александр Винокуровтың Шымкент қаласындағы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектепке келуі

1-ТАРАУ.

БИЛІМ МАЗМҰНЫН ӨЗІРЛЕУ






1-ТАРАУ. БІЛІМ МАЗМҰНЫН ӨЗІРЛЕУ

2016 жылы МЖМБС жобаларын, негізгі және жоғары сынып пәндері бойынша оқу бағдарламаларын және орта мерзімді оқу


жоспарларын әзірлеу жұмысы жалғасты. Барлығы 79 оқу бағдарламасы мен жоспары әзірленіп, 24-і қайта қаралды.

Диаграмма. 2015 және 2016 жылғы білім мазмұнын жаңарту аясында оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және жетілдіру



Стандарттарға КБББ – ұзақ мерзімді білім беру құндылықтары мен мақсаттарын белгілейтін тұжырымдамалық сипаты бар нормативтік құжат мазмұнын анықтаудың негізгі тәсілдемелері берілген.

Белгіленген оқу мақсаттары қол жетімді және өлшемді, оқушының танымдық белсенділігін анықтайды және академиялық, сонымен қатар **кең ауқымды дағдыларды** дамытуға бағытталады:



Оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарларды әзірлеу мен жетілдіруге ғалымдар, әдіскерлер, еліміздің жалпы білім беру мектептерінің тәжірибелі мұғалімдері жұмылдырылды. Бұл тәсіл инновациялық оқу бағдарламалары мен жоспарларды жобалауға қабілетті адами капиталды қалыптастырып, оны дамыту мүмкіндігін береді.

Жұмыс топтары типтік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын әзірледі:

Бастауыш білім деңгейінде:

1. «Қазақ тілі (Т1)», «Орыс тілі (Т1)», «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарлар әзірленді;
2. 1-4-сыныптарда «Көркем өнер» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін кіріктіру жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу бағдарламасы мен орта мерзімді жоспарлар әзірленді.
3. «Ағылшын тілі» пәні бойынша апталық жүктелім 1-сыныпта 1 сағаттан 2 сағатқа дейін, ал «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілінде оқымайтын сыныптарда 1 сағатқа артты. Осыған орай, бұл пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарлар толығымен қайта қарастырылды.

Негізгі орта білім деңгейінде 5-9-сыныптарда «Көркем өнер» және «Технология» оқу пәндері «Көркем еңбек» оқу пәніне кіріктірілді.

Жалпы орта білім деңгейінде:

1. «Атамекен» ҰҚП өкілдерінің, Алматы менеджмент университеті (AlmaU) оқытушыларының және Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің қатысуымен «Экономика мен кәсіпкерлік негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасы мен орта мерзімді жоспарлар әзірленді.
2. Қазақ тілінде оқитын сыныптарда алдында ұсынылған кіріктірілген «Қазақ тілі және әдебиеті» оқу пәні «Қазақ тілі» және «Әдебиет» болып, жеке пәндерге бөлінді, яғни, орыс тілінде оқитын сыныптарда «Орыс тілі және әдебиеті» оқу пәні «Орыс тілі» және «Әдебиет» пәндері ретінде бөлек оқытылатын болады.
3. 10-11-сыныптарға арналған типтік оқу жоспарының вариативтік компонентіне қоғамдық-гуманитарлық бағытқа арналған стандартты деңгейде таңдау пәні ретінде «Құқық негіздері» пәні енгізілді.

Жүргізілген жұмыс нәтижесі:

- республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 Қаулысымен **бекітілген негізгі орта және жалпы орта білімнің МЖМБС.**
- **ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 432 және 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрықтарымен бекітілген** бастауыш және негізгі мектептер бойынша **типтік оқу жоспарлары және бағдарламалары.**

Орта білім мазмұнын жаңарту нәтижесін әділ бағалау мақсатында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін, оқытуды кіріктіруді және бағалауды біртіндеп енгізуді көздейді.

Критериалды бағалау оқушылардың зерттеу дағдыларын, алынған білімді кіріктіру және оны қойылған мақсаттарға жету үшін пайдалану, топта және жеке жұмыс істеу қабілетін дамытуға бағытталған.

Жалпы білім беру мектептерінің 1-сынып мұғалімдеріне және пилоттық мектептердің 2-сынып мұғалімдеріне критериалды бағалау жүйесін енгізуде әдістемелік көмек көрсету мақсатында:

1 және 2-сыныптар үшін қорытынды бағалау бойынша қазақ және орыс тілдерінде **36 тапсырмалар жинағы;**

1 және 2-сыныптар үшін жиынтық бағалау бойынша қазақ және орыс тілдерінде **36 әдістемелік ұсыным;**

қазақ және орыс тілдерінде бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша **нұсқаулық;**


қазақ және орыс тілдерінде аймақтық және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша **нұсқаулық;**

қазақ және орыс тілдерінде ата-аналар мен оқушыларға арналған критериалды бағалау жүйесі туралы **2 ақпараттық кітапша;**



электрондық журнал әдістемесі әзірленіп,
«Күнделік.kz» ЖШС-не тапсырылды.

Сондай-ақ жүйені жаңартылған білім мазмұны аясында жүзеге асырудың негізгі ерекшеліктері туралы педагогтар мен қоғамды ақпараттандыру, таныстыру мақсатында ДББҰ оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі туралы бірқатар бейнефильм түсірді. Бұл бағалау жүйесінде орын алып жатқан өзгерістерді тереңірек түсінуге, мұғалімдерді бағалау тәжірибесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.



2-ТАРАУ.

30 ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ





2-ТАРАУ. 30 ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

2.1. БІЛІМ МАЗМҰНЫН АПРОБАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ

Білім беру бағдарламасын апробациялау қалалық (18) және ауылдық (12) жерлерде, оның ішінде ШЖМ-дағы (4) 30 пилоттық мектеп негізінде жүзеге асырылды. ҚР БҒМ апробация үдерісінің үйлестірушісі ретінде Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-ны тағайындалды.

Жаңартылған білім мазмұнын апробациядан өткізудің нормативтік құқықтық негізін ҚР БҒМ әзірлеп, 2014-2016 жылдар аралығында бекітті.

2015 жылдың қыркүйек айынан бастап елімізде 30 пилоттық мектепте МЖМБББС жаңартылған білім мазмұнын енгізу кестесіне сәйкес апробациялау басталды¹.

¹ «Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларын апробациялау жөніндегі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №452 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі №157 бұйрығы

Кесте. ҚР БҒМ жаңартылған білім мазмұнын енгізу кестесі

Оқу жылы	Мектепке дейін	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2015-2016	А + Э	А + Э										
2016-2017		1	А + Э									
2017-2018		1	2	А + Э		5(6)		7(8)				
2018-2019		1	2	3	А + Э	5(6)	6(7)	7(8)	8(9)		10(11)	
2019-2020 (қайта нөмірлеу)	1	2(1)	3(2)	4(3)	5(4)	6		8	9	10	11	12

А – апробация; Э – эксперимент;

- қолданыстағы оқу бағдарламалары бойынша оқу үдерісі
- жаңартылған оқу бағдарламаларын апробациялау
- жаңартылған оқу бағдарламаларын енгізу

Жаңартылған білім мазмұнын апробациялауға кіріспес бұрын жобаны жүзеге асыру үдерісіне қатысатын бастауыш сынып мұғалімдері мен пилоттық мектептер басшыларынан ҚР БҒМ қызметкерлеріне дейін барлық әлеуетті тараптармен ауқымды жұмыс жасалды.

Апробациялау барысында ақпарат жинау, деректерді талдау және өңдеу, сарапшылардың сабақтарды қадағалауы, кері байланыс, басында және соңында жүргізілетін диагностикалық тестілеу, қорытындылар мен өзгертулер енгізу, оқу бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалды.

Әдістемелік қолдау

Жаңартылған білім мазмұнын сүйемелдеу және оны ойдағыдай енгізу үшін:

- ▶ Бағдарламалар, ОӘК, бағалау жүйелері, сандық білім беру ресурстары авторлары мен әзірлеушілер қатарынан консультациялық топ құрылды.
- ▶ 2016 жылдың тамыз айынан бастап еліміздің мұғалімдеріне еркін қолжетімді болған ЖӘК порталы www.smk.edu.kz жұмыс жасайды.
- ▶ Пилоттық мектептердің педагогтары тәжірибемен, әзірленген ең жақсы сабақтармен және ресурстармен алмасатын, мұғалімдермен және бағдарлама әзірлеушілерімен сұхбаттасатын, сұрақтарға жауаптар алатын форум қызметін атқаратын пікірталас алаңы жұмыс жасайды.
- ▶ Мектеп педагогтары үшін тоқсан сайын әдістемелік әдебиетпен толықтырылып отыратын «Эксперимент кітапханасы» құрылып, 132 атау бойынша оқу материалдарының 63 мыңнан астам данасы жеткізілді.
- ▶ Әрбір пилоттық мектепке аймақтардағы Зияткерлік мектептер бекітілді. Мұғалімдерге және мектеп әкімшілігіне әдістемелік және ресурстық қолдау көрсету іс-шаралары нақты белгіленген Зияткерлік мектептер мен пилоттық мектептердің Бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Курстардан өткен және тәжірибесі мол педагогтар қатарынан шығармашылық топтар құрылды, бүгінгі күні олар өз аймақтарында білім мазмұнын жаңартудың бас тәлімгерлері болып табылады.
- ▶ Оқыту әдістемесі мен тәсілдемелері бойынша сол жерде тәжірибелік көмек көрсететін аймақтардағы 32 ПШМ тренері пилоттық мектептерге бекітілді. Тренерлер мектептің өзінде үлкен жұмыс жүргізуде: 1-сыныптарда өтетін сабақтарды қадағалау, сабақтар мен іс-шараларды бірігіп жоспарлау, шеберлік сыныптары, оқыту тренингтері, оқу семинарларын өткізу, сабақтарға өзара қатысу және қадағалау, курстан кейінгі мониторинг жүргізу, мұғалімдермен, мектеп әкімшілігімен және ата-аналармен кәсіби сұхбат жүргізу.

Тренерлермен пилоттық, жетекші және серіктес мектептердің педагогтарына жүйелі түрде әдістемелік және консультациялық қолдау көрсететін мұғалімдердің желілік кәсіби қоғамдастығы құрылды. Желілік қоғамдастықта жұмыс жасау мектеп басшылары мен мұғалімдеріне онлайн және оффлайн тәжірибе алмасу, ынтымақтастық, сұрақтарды талқылау арқылы олардың педагогикалық шеберлік деңгейін арттыру мүмкіндігін береді. 89,1 мың пайдаланушы тіркелді (ҚР педагогтарының жалпы санынан 23%).

ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДЫ АПРОБАЦИЯЛАУҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Жаңартылған білім мазмұнын 1-сыныптарда апробациялау ҚР Білім және ғылым министрлігімен 2015 жылғы 21 шілдеде бекітілген МЖМБББС апробациялауға мониторинг жүргізу әдіснамасымен сәйкес жүргізіледі.

Ақпарат жинау:

- ▶ ЖӘК порталы,
- ▶ ДББҰ қызметкерлеріне тікелей телефон арқылы және жазбаша өтініштері арқылы жүзеге асырылды.

МЖМБББС апробациясына мониторинг жүргізу кезеңдерінің бірі пилоттық және байқау мектептерінің 1-сынып оқушыларын диагностикалық тестілеу болып табылады.

1-сынып оқушыларының диагностикасы «кіру» – оқу жылының басында (2015 жылдың қыркүйегінің үшінші аптасында) және «шығу» – оқу жылының аяғында (2016 жылдың сәуірінің төртінші аптасында) өткізілді.

Диагностикалық тестілеу барысында оқушылардың келесі пәндер бойынша білімі мен дағдылары бағаланды: «Дүниетану», «Жаратылыстану», «Сауаттылыққа үйрету» және «Математика».

«Кіру» тестілеуі оқушылардың мектепалды білім беру бағдарламасынан күтілетін нәтижелерге сәйкес мектепте оқуға дайындық деңгейін анықтау мақсатында жүзеге асырылды.



«Шығу» тестілеуі «бастапқыдағы» және «соңындағы» деректер негізінде пилоттық және бақылау мектептері оқушыларының оқудағы нәтижелерін өлшеуге және даму деңгейін салыстырмалы талдауға бағытталған.

Статистикалық деректерге сәйкес **тестілеуге қатысқан 4932 оқушының ішінен** мектепке дейінгі дайындықтан **83,6% бала өтті (4122 адам), демек, өтпеген балалар саны - 16,4% (810 адам).**

Мектеп дейінгі дайындықта алынған нәтижелерді талдау екі оқушылар тобының нәтижелерінің арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін көрсетті. Осылайша оқушылардың «басындағы» орташа балы: мектепке дейінгі дайындықтан өткен оқушылар 114,8 балл, ал дайындықтан өтпеген оқушылар 113,7 балл жинады. «Соңында» мектепке дейінгі дайындықтан өткен оқушылар 134 балл, ал дайындықтан өтпеген оқушылар 135,2 балл жинады.

Пилоттық мектептерде жаңартылған мазмұнды 1-сыныптарға енгізу ойдағыдай өткенін айтып өткен жөн. Бұған мониторинг нәтижелері дәлел: оқыту сапасы көрсеткіштерінің жақсаруы, оқушылар мен ата-аналардың оқу үдерісіне жағымды көзқарасы, педагогтардың рефлексивтік тәжірибесінің өзгеруі.

Сонымен қатар 2016 жылы пилоттық мектептерде Кембридж Университетінің Білім беру Факультетінің, Назарбаев Университетінің Жоғары мектебінің және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің қызметкерлері зерттеу жүргізді.


Жаңа оқу бағдарламаларын енгізген сәттен бастап мұғалімдердің көзқарасы мен тәжірибесінің өзгергені зерттеудің негізгі нәтижесі болып табылады².



Сапалық деректер бойынша көптеген мектеп мұғалімдері мен басшылары жаңа бағдарламаларды ойлау жүйесі мен тәжірибеге енгізілген үлкен өзгеріс деп қабылдап отыр және пилоттық мектеп педагогтарының бірі айтқандай: «Бізде бұрын да реформалар болған, алайда бұл бағдарлама - білім беру парадигмасының өзгеруі».

2 Дереккөз: Kambatyrova, A., Kurakbayev, K., McLaughlin, C., Ramazanova, A., Torrano, D., Winter, L., & Fimyar, O. (2016, November). Report on the introduction of the new curriculum, pedagogy and assessment in primary schools (Grade 1 in Kazakhstan). Fifth Report on the research collaboration between University of Cambridge Faculty of Education Nazarbayev University Graduate School of Education.

«2015 жылдың қыркүйегінен бастап сіздің оқыту тәсіліңіз қалай өзгерді?» сұрағына жауап берген 30 пилоттық мектептердің 1-сынып мұғалімдерінің көрсеткіші (n-282 мұғалім)



Мұғалімдер бастауыш сыныптарға арналған жаңа оқу бағдарламалары балалардың функционалды сауаттылығын, білімді шынайы өмір жағдайында пайдалану, деректерді тиімді талдау, пікірді теориялық мысалдармен дәлелдеу, түрлі жағдайларда өзара әрекеттесу және мәселелерді шешу қабілетін дамытуға бағытталғанына кәміл сенеді.

Мысал ретінде пилоттық мектеп мұғалімінің айтқан бір пікірін келтіруге болады «Тапсырмалар іс-әрекеттерге бағытталған. Мысалы, «Әлемтану» тақырыбы бойынша тапсырмаларды қарастырайық. Мысалы, мына тақырып - «Пәтердің іші неге жылы?». Қарапайым сызбалар негізінде балалар алауошақ, пеш, жылытқышты салыстырады. Рефлексия, жұппен салыстыру немесе топтық жұмыс барысында олар белгілі бір қорытындылар жасайды. Бұл - шағын әрекет, алайда олар үшін мұның өзі - жаңалық, ал бара-бара тапсырмалар қиындаған сайын олар өз бетімен жұмыс істеуді үйренеді».

Эксперимент нәтижелері 30 пилоттық мектептің бірінші сынып мұғалімдерінің (282 мұғалім) жаңа оқу бағдарламаларына көзқарастары жағымды екенін көрсетті. Мұғалімдер пәндердің мазмұны жаңа стандарттың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетінін айтты.

Жалпы, ескі оқу бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін әріптестермен салыстырғанда, білім мазмұнын жаңарту аясында оқытуға жұмылдырылған мұғалімдерде жаңа стандартқа деген жағымды көзқарас бар.

Жаңа стандарт бойынша сабақ беретін **88% мұғалім** «Пәндердің мазмұны білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін қолжетімді» пікірімен толық келіседі. Бұл көрсеткіш **ескі стандарт бойынша жұмыс** істейтін басқа сынып мұғалімдерінің арасында төмен (81%).

Осылай, **бірінші сынып мұғалімдерінің 80%-ы** «жаңа білім беру бағдарламасы бойынша пәндер саны білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін тиімдірек» деген пайымдауымен өздерінің толық келісімін білдірді.

Оқыту саласында мұғалімдер өз рөлдерінің өзгергенін айтады. Енді олардың рөлі сыныпта жаңа жұмыс әдістерін қолдануды, сонымен қатар сабақтарға белсенді түрде дайындалуды талап етеді. Мұғалімдер оқушылардың оқуға деген ынталарының артқанын және олардың жаңа педагогикалық тәсілдемелерді қызықты әрі тартымды санайтынын байқады. Бұл пайымдаулар мұғалімдердің оқушыларды ынталандыру туралы пікірлеріне сәйкес келеді.

Мұғалімдер өз мектептеріндегі, сондай-ақ басқа да мектептердегі әріптестермен ынтымақтастығы нығайып өзара қарым-қатынасқа түсті. Оқушы-ассистенттер, мұғалімдер мен мектептер арасындағы ынтымақтастық түрлі формада жүргізіледі. Мұғалімдер ортақ жоспарлауға, оқытуға, сабақты өзара қадағалауға, тренингтерге, топтық оқытуға қатысты. Бұл оқытудың көптеген аспектілеріне жаңалықтар



енгізіп, басында қиыншылықтармен кездескенін, алайда мұғалімдер үшін бұл құнды тәжірибе болғанын айтады.

Дегенмен, зерттеу нәтижелеріне сүйенетін болсақ, пилоттық мектептерде педагогтарға түсетін жүктеме, ресурстардың жетіспеушілігі, педагогтарды дамытуды қосымша қолдау сияқты қиыншылықтармен кездесуде.

Есепте жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру бойынша ұсынымдар келтірілген.

Мониторинг нәтижелері білім беру үдерісін ұйымдастыруды, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұнын, бағалау жүйесін, оқу-әдістемелік кешендерді, мұғалімдер мен мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курстарының мазмұнын жетілдіру мақсатында ұсынымдарнегіздеу үшін қолданылды.

Жиналған ақпаратты мониторингілеу мен талдау нәтижелері бойынша 10 пән бойынша оқу бағдарламалары қайта қарастырылды, қажетті түсініктемелер мен толықтырулар енгізілді. Сонымен қатар:


- Кіріктірілген «Қазақ тілі және әдебиеті», «Орыс тілі және әдебиеті» оқу пәндері дербес пәндерге бөлінді;
- «Ағылшын тілі» пәні бойынша апталық жүктелім 1-сыныпта 1 сағаттан 2 сағатқа дейін, ал «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілінде оқымайтын сыныптарда 1 сағатқа артты.

Бағдарламаларға өзгертулер енгізу барысында ғалымдардың, еліміздің педагог қызметкерлерінің, оқу-әдістемелік кешен авторларының және ата-аналар қоғамдастығының ұсыныстары ескерілді.


Сонымен қатар оқу жылының басында **«кіру»** (қыркүйектің үшінші аптасы) және оқу жылының аяғында **«шығу»** бойынша (сәуірдің төртінші аптасы) диагностикалық тестілеу жүргізілді.

Диагностикалық тестілеуге еліміздің **30 пилоттық және 16 бақылау мектептерінің** 1-сынып оқушылары қатысты.

Диаграмма. Пилоттық және бақылау мектептеріндегі «кіру» және «шығу» тестілеуі бойынша салыстырмалы талдау нәтижелері



Пилоттық мектептерде эксперимент басындағы айырмашылық 78 баллға тең, ал соңында – 45, яғни **33 баллға кеміді**.



Бақылауға алынған мектептерде эксперимент басындағы айырмашылық 61 баллды құрап, соңында – 54, яғни **7 баллға кеміді**.



Диагностикалық тестілеу нәтижелері бойынша пилоттық мектеп оқушыларының жоғары нәтижелілігі, ең мықты және орташа қабілетті оқушылардың, ауылдық және қалалық мектептер, лицейлер мен орта мектептер арасындағы айырмашылықтың төмендегені байқалады, бұл сапалы білім беру қызметтеріне тең дәрежеде қол жеткізе алады деген сөз.

МҰҒАЛІМДЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Білім беру саласындағы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру

Республиканың білім мазмұнын жаңарту аясында 17 бастауыш мектеп оқу пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша 21 білім беру бағдарламасы дайындалып, әзірленді.

Бұл бағдарламалар пәндер бойынша жаңартылған білім мазмұны және критериалды бағалау жүйесін енгізу аясында мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру мақсатында әзірленді.



Апробация басталмас бұрын 2015 жылдың маусым айынан қазан айына дейін осы үдерістің барлық қатысушылары (2727 адам): пилоттық мектеп мұғалімдері мен әкімшілігі, облыстық білім беру басқармаларының қызметкерлері, аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің, әдістемелік кабинеттердің, ҚР БҒМ қызметкерлері білім мазмұнын жаңарту бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Сонымен қоса бірқатар іс-шаралар өткізілді:

- ▶ Апробацияның бірінші жылы 1-3 оқу тоқсанның нәтижесі бойынша пилоттық мектеп мұғалімдері мен оқу бағдарламалары авторларының, әзерлеушілерінің қатысуымен семинарлар өткізілді.
- ▶ Пилоттық мектеп мұғалімдерінің сабақтарын қадағалау және тәжірибелік көмек көрсету мақсатында бағдарлама авторлары мен әзірлеушілері, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА әдіснама мамандары мен әдіскерлер мектепке барды.



- ▶ ДББҰ 2015-2016 жылдар ішінде жергілікті білім беру басқармаларының қызметкерлеріне оқу бағдарламаларының мазмұнына, ОӘК-пен жұмыс істеуге және оқу үдерісін ұйымдастыруға қатысты мәселелер бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында көшпелі семинарлар мен оқыту тренингтері, шеберлік сыныптары ұйымдастырылды.
- ▶ 2015 жылдан бастап жыл сайын білім беру саласының қызметкерлері арасындағы Республикалық тамыз кеңесулері шеңберінде облыстық білім беру басқармалары, аудандық білім беру бөлімдері, қалалық/ аудандық әдістемелік кабинет басшыларының қатысуымен пилоттық мектептер педагогтарының секциялық отырыстарын өткізу дәстүрге айналды. Секциялар отырыстарында апробацияның бірінші қорытындылары талқыланады, педагогтар жинаған тәжірибесімен бөліседі, алдағы оқу жылына перспективалық жоспарларды анықтайды.
- ▶ Пилоттық мектептердің педагогтары мен әкімшілігі (2015, 2016 жж.) ДББҰ жыл сайын 8-рет өткізіп отырған «Білім берудегі өзгерістер аясын кеңейту: апробация мен тарату» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жұмысына қатысты. Биыл Конференцияның жұмысы апробация мен тәжірибені таратуға бағытталды, оның шеңберінде пилоттық мектеп мұғалімдері шетелдік серіктестермен бірге білім беру мазмұнын жаңарту мәселесін талқылаған пікірталас алаңы ұйымдастырылды.
- ▶ ДББҰ газет-журналдар басылымдары, телебағдарламалар, интернет-хабарламалар, онлайн ұсынылатын білім беру ресурстары арқылы үлкен ақпараттық қолдау көрсетілуде. БАҚ көмегімен халықты пилоттық және Зияткерлік мектептер қызметі туралы құлақтандыру ұйымдастырылады.

Мұғалімдерге, әдіскерлерге, қалалық және облыстық білім беру басқармаларының қызметкерлеріне әдістемелік қолдау көрсету, үдерісті сүйемелдеу және

педагогикалық құралдар қорын қалыптастыру орта білімнің жаңартылған мазмұны бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын енгізуге дайындық шеңберіндегі қызметтің маңызды бағыты болып табылады.

ДББҰ тәжірибені тарату аясында жаңартылған білім мазмұнын баяндауға бағытталған бірқатар іс-шара өткізді, атап айтқанда:

2016 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫ: Талдықорған қаласындағы (47 адам) және Көкшетау қаласындағы (103 адам) 2 Зияткерлік мектеп негізінде пилоттық мектептердің 150 мұғалімі үшін аймақтық семинар-практикумдар ұйымдастырылды.

2016 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫ: Астана қаласында білім беру саласының мамандарына арналған жыл сайынғы Республикалық тамыз конференциясы өткізілді, жаңартылған білім мазмұнының оқу-әдістемелік кешендерінің көрмесі даярланды (шамамен 1000 адам).

2016 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫ: ҚР БҒМ білім саласының мамандарына арналған жыл сайынғы Республикалық тамыз конференциясы жұмысының шеңберінде ДББҰ қызметкерлері 30 пилоттық мектептің 2-сынып мұғалімдері үшін білім мазмұнын жаңарту бойынша 143 кіріспе семинар өткізді.

2016 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫ: Талдықорған қаласындағы (8 адам) және Көкшетау қаласындағы (13 адам) 2 Зияткерлік мектеп негізінде 21 бастауыш сынып мұғалімі үшін «Жаратылыстану», «Математика», «Дүниетану», «Көркем еңбек» пәндері бойынша тренингтер өткізілді.

2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫ: Астана қаласында Шығыс Қазақстан облысының Көкпекті ауданының Казнаковка орта мектебінің ұжымымен жаңартылған білім мазмұнын ойдағыдай енгізу мақсатында мұғалім кадрлардың біліктілігін арттыру, тәрбие жұмысын және әлеуметтік жобаларды ұйымдастыру мәселелері бойынша семинар өтті.

2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫ: Ақтөбе қаласында 50-ден астам адамның қатысуымен облыстың барлық аудандарымен селекторлық байланыс режимінде жаңартылған білім мазмұнын енгізу бойынша Ақтөбе облысының ЖАО-мен біріккен жұмысын ұйымдастыру бойынша облыстық семинар-отырысы өтті.

2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫ: Ақтау қаласындағы және Шығыс Қазақстан облысындағы пилоттық мектептермен скайп-конференциялар өткізілді. Педагогтарға жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша сабақтардың қысқа-мерзімді жоспарларын әзірлеу, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ресурстарды таңдау бойынша тәжірибелік ұсынымдар жасалды.

Жалпы, 2015 жылдың қыркүйек айынан 2016 жылдың желтоқсан айына дейінгі мерзімде пилоттық мектептердің педагогтары үшін:

- ▶ 739 семинар;
- ▶ **477** тренинг;
- ▶ бастауыш мектептің барлық пәндері бойынша **2 081** шеберлік сыныбы (оның ішінде топтық оқыту бойынша 257 сабақ) өткізілді;
- ▶ пилоттық мектеп мұғалімдерінің **814** сабағына қатысу жүзеге асырылды;
- ▶ пилоттық мектептердің ағылшын тілі мұғалімі үшін **423** тілдік курс ұйымдастырылды;
- ▶ ата-аналарға арналған **46** дәріс-сабақтар;
- ▶ оқушыларға арналған **511** онлайн-сабақ және бастауыш мектеп мұғалімдері үшін **96** онлайн-семинар өткізілді;
- ▶ Зияткерлік мектептердің пилоттық мектептермен ынтымақтастығы туралы **32** фильм түсірілді.

Бұл бағыттағы жұмыс нәтижелері 2017 жылы жаңартылған білім мазмұнын 2, 5 және 7-сыныптарда ойдағыдай тиімді жүзеге асыру мүмкіндігін береді.



2.2. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН АПРОБАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ

Критериалды бағалау – оқушылардың нақты қол жеткізген нәтижелері мен күтілетін оқыту нәтижелерінің арақатынасын анықтайтын критерийлер негізінде бағалау үдерісі.

Орта білімнің жаңартылған мазмұнына өту кестесіне сәйкес оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі 2015-2016 оқу жылы 30 пилоттық мектептің 1-сыныптарында апробациядан өтті.

Енгізілген критериалды бағалау жүйесі бойынша бағалаудың екі түрі қолданылады: қалыптастырушы (формативті) және жиынтық (суммативті).

Есептік кезеңде бағалау жүйесін ойдағыдай енгізу мақсатында:

- ▶ критериалды бағалау жүйесінің апробациясы өткізілді;
- ▶ жалпы білім беру мектептері мұғалімдеріне қолдау көрсету мақсатында нұсқамалық-әдістемелік құжаттар әзірленді;
- ▶ оқыту және критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерісін қолдау іс-шаралары ұйымдастырылды;
- ▶ критериалды бағалау жүйесі бойынша ресурстық сүйемелдеу және мұғалімдерді қолдау қамтамасыз етілді;
- ▶ ДББҰ және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қызылорда облысы әкімдігі арасында ынтымақтастық құрылды.



Мұғалімдердің критериалды бағалауға деген көзқарасы мен пікірлері жағымды, алайда бағалау мақсаттары мен критерийлерін түсіну мен пайдалануда, кері байланыс беруде қиыншылықтар кездеседі, сонымен қатар ата-аналарды критериалды бағалау жүйесі бойынша оқыту қажеттігін айтады.

2016-2017 оқу жылынан бастап еліміздің жалпы білім беру мектептерінің 1-сыныптарында Қазақстан үшін жаңа критериалды бағалау жүйесі енгізіле бастады.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР

Есеп беру кезеңінде оқыту және критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерісін қолдау мақсатында **келесі іс-шаралар өткізілді:**

- ▶ «Өрлеу» БАҰО АҚ-ның, Педагогикалық шеберлік орталығының (бұдан әрі - ПШО) және Ұлттық Білім Академиясының **93 тренеріне** арналған семинар;
- ▶ «Өрлеу» БАҰО АҚ-ның **114 тренеріне** және Зияткерлік мектептердің пән мұғалімдеріне арналған бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу бойынша семинар;
- ▶ оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін пайдалану бойынша **30 пилоттық мектептің 115 мұғаліміне** арналған тренинг;
- ▶ критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша аймақтық және мектеп үйлестірушілерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында **100 ПШО тренеріне** арналған семинар;
- ▶ Астана қаласындағы 11 жалпы білім беру мектебінің **601 мұғаліміне** арналған семинар-тренинг;
- ▶ Ақмола облысының шағын жинақты мектептерінің **50 мұғаліміне** арналған семинар;
- ▶ жаңартылған білім мазмұны шеңберінде **30 пилоттық мектептің 143 мұғаліміне** арналған семинар-тренинг.

Қосымша, «Жүйелі-әдістемелік кешен» порталының пікірталас алаңында сұрақтарға жауаптар берілді, бағалау, бағалау үдерістерін ұйымдастыру, оқушылардың портфолиосын жүргізу, сынып журналын қағаз нұсқада және электрондық түрде толтыру, нұсқаулық әдістемелік құжаттарды пайдалану мәселелері бойынша қолдау көрсету мақсатында мемлекеттің жалпы білім беру және пилоттық мектептерінің мұғалімдері үшін **кеңестер берілді, онлайн семинарлар өткізілді.**

2017 жылы критериалды бағалау жүйесін жалпы білім беру мектептерінің 2, 5, 7-сыныптарында енгізуді жалғастыру, осы бағалау жүйесін 30 пилоттық мектептің 3-сыныптарында апробациядан өткізу, 3, 6, 8, 10-сыныптар үшін нұсқаулық әдістемелік ұсыныстар дайындау, пилоттық және бақылау мектептерінің 2-сынып оқушыларын «шығу» диагностикалық тестілеуін, қорытынды жұмыстардың нәтижелерін «Күнделік» электрондық порталында қадағалауды жүзеге асыру жоспарланды.

3-ТАРАУ.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫМЕН
ЫНТЫМАҚТАСУ





3-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫМЕН ҮНТЫМАҚТАСУ

Оқу үдерісіне жаңартылған білім мазмұны мен инновацияларды енгізу барысында туындайтын мәселелерді шешу үшін дәстүрлі тәсілдемелер жеткізіліксіз. ДББҰ серіктестермен ынтымақтастықтың жаңа түрлері дамуда, олардың ортасы үнемі кеңейе түсуде.

ДББҰ өз әрекеттерін серіктестермен үйлестіре отырып, өз ұйымы мен серіктестер ұйымдарының салыстырмалы артықшылықтарына сүйеніп, бағдарламаның түрлі бағыттарының басымдығын анықтайды. Бұл бағыттардың барлығы серіктестермен жұмыс жасау жоспарында біріктіріледі.

Осылай, еліміздің 30 пилоттық мектебімен жұмыс істеуден бөлек, ДББҰ меморандумдар шеңберінде Астана (12) қаласының, Ақмола (18 ШЖМ) және Қызылорда (45) облыстарының 79 білім беру ұйымдарымен, Алматы, Астана, Қарағанды және Шымкент қалаларындағы ҚР Қорғаныс министрлігінің «Жас Ұлан» республикалық мектеп-интернаттарымен (4), Алматы және Астана қалаларындағы РФМБ (2) мектептерімен өзара әрекеттеседі.

3.1. АСТАНА ҚАЛАСЫ

ДББҰ тәжірибесін Астана қаласындағы мектептерге тарату аясында:

- білім мазмұнын жаңарту, білім беру ортасын басқару және өзгерту бойынша қаланың білім беру ұйымдарының қызметін жетілдіруге бағытталған бірлескен шаралар әзірлеу мақсатында ДББҰ мен Астана қаласының білім беру басқармасы арасында бірлескен қызмет туралы Шарт бекітілді;

- ДББҰ мен білім беру басқармасының білім мазмұнын жаңарту бойынша 2016-2017 жылдарға арналған бірлескен жұмыс жоспары бекітілді;
- №76 мектеп Астана қаласының жалпы білім беру мектептері үшін инновациялық алаң құру бойынша ресурс орталығы ретінде белгіленді.
- білім мазмұнын жаңарту бойынша күнделікті қызметте тәжірибелік көмек көрсететін астаналық педагогтардың тәжірибесін жинақтайтын әдістемелік база ретінде Астана қаласының 12 жетекші мектептің кластері құрылды.

Астана қаласы мектептерінің барлық педагогтарына «Жүйелі-әдістемелік кешен» smk.edu.kz порталына, Астана қаласының барлық мектептерінің бастауыш мектеп педагогтарына play.nis.edu.kz порталының сандық білім беру ресурстарына кіру рұқсаты берілді.

Астана қаласының жалпы білім беру мектептерінің басшылары мен педагогтарының білім мазмұнын жаңартудағы кәсіби дайындық деңгейін арттыру мақсатында 30-дан астам әдістемелік іс-шара өткізілді:

- оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша 11 семинар-тренинг;
- тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша 2 семинар-тренинг;
- педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша 4 іс-шара;
- жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламалары бойынша 9 семинар-тренинг.

Барлық іс-шаралар барысында оқу бағдарламалары мен жоспарларының мазмұны баяндалды, сонымен қатар мектепте инновациялық әдістерді қолдану мәселелері талқыланды.

- ▶ Мектеп кітапханалары арқылы оқу үдерісіне инновацияларды енгізу бойынша тренингтер мен шеберлік сыныптарымен қатар, 5 оқыту семинар-практикумы өткізілді. Инновациялық кітапханалар астаналық мектептерде де пайда болып, келешекте қызықты, кіріктірілген сабақтар өткізуге, оқушылардың зерттеу дағдыларын және жобалық жұмысын дамытуға арналған мектептердің ғылыми-әдістемелік базасына айналады.
- ▶ № 60 астаналық лицей негізінде «Жетекші мектеп – білім мазмұнын жаңарту барысында оқу ортасын дамыту векторы» стенд конференциясы өтті.

Астана қаласының педагог қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша біліктілікті арттыру курстары, білім мазмұнын жаңарту бойынша оқыту семинарлары, тренингтер өтті:

- ▶ деңгейлік бағдарламалар бойынша 461 педагог;


- ▶ 69 мектеп басшылары (директорлар мен олардың орынбасарлары);
- ▶ әдістеме мен технологиялар бойынша 118 мектеп тренері;
- ▶ 160 мектеп кітапханашысы.
- ▶ 76 директор мен олардың орынбасарлары;
- ▶ 398 бастауыш сынып мұғалімі, пән мұғалімдері;
- ▶ 81 бағалау үйлестірушісі;
- ▶ 158 Робот техникасы бойынша информатика мұғалімі;
- ▶ қалалық білім беру бөлімінің 9 әдіскері;
- ▶ гуманитарлық колледждің 12 оқытушысы.

№76 мектеп-лицейінің педагогтары үшін мектеп педагогтарының әлеуетін дамытуға, оқу үдерісін ұйымдастыру, мектепті басқару, жағымды білім беру ортасын құру мәселелері бойынша жалпы білім беру мектептерінің қызметін жетілдіруге арналған оқыту семинарлары мен тренингтер, сонымен қатар шеберлік сыныптары өткізіледі. Жаңартылған білім мазмұны шеңберінде 2016 жылы ДББҰ ПШО-да Астана қаласы мектептерінің 1827 педагог маманы оқытудан өтті.

Кесте. Астана қаласында оқытылған мамандар саны

Бағыты	Педагог қызметкерлер санаты / бағдарламалар	Оқытылған педагогтар	
		Оқытылған адамдар 2012-2016 жж.	Оқытуды қажет ететін адамдар 2017 ж.
оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша	Деңгейлік бағдарламалар бойынша педагогтар	461	114
	Жалпы білім беру мектептерінің басшылары	69	21
	Оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша мектеп тренерлері	118	118
білім мазмұнын жаңарту бойынша	Облыстық БББ, аудандық/қалалық әдістемелік кабинеттер қызметкерлері	9	10
	Жалпы білім беру мектептерінің директорлары мен орынбасарлары	76	124
	Бастауыш мектеп пәндерінің мұғалімдері	398	203
	Критериалды бағалауды енгізу үйлестірушілері	81	-
	Робот техникасы бойынша информатика мұғалімдері	158	-
	Негізгі мектеп пәндерінің мұғалімдері	-	151
	ЖОО мен колледжердің ПОҚ	12	6
	Астана қаласының гуманитарлық колледжінің оқытушылары		

Сурет. Астана қаласы мектептерінің өзара байланысын көрсететін сызба





2017 жылға түрлі бағыттар бойынша 50-ден астам іс-шара жоспарланды.

Астана қаласының білім беру кластерінің өзара байланысы сызбада келтірілген, оған: ПШО, ДББҰ және Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп (ХБ), Астана қаласының Әдістемелік кабинеті, қаланың 12 жетекші мектебі, жаңартылған білім мазмұнын енгізу бойынша №69 пилоттық мектеп, №76 мектептің инновациялық алаңы мен тіркелген 70 магниттік мектеп кіреді. Бұл білім беру кластері педагогтарға уақытылы әдістемелік қолдау көрсетуге, оқыту үдерісіне заманауи әдістерді енгізуге жауапты. 2016 жылдың сәуір айынан мамыр айына дейін Астана қаласының 12 жетекші мектептің педагогтары (600-ден астам адам) үшін оқыту семинарлары, тренингтер, практикумдар ұйымдастырылып, өткізілді.

3.2. АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Материалдық-техникалық базаның нашар жабдықталуы, Интернет ресурсына кіру шектілігі, кітапхананың оқу және басқа да ресурстарының болмауы, ШЖМ кадрларының тапшылығы оқушыларды олардың кәсіби бағдарына қарай таңдаулары бойынша бейінді пәндермен және курстармен толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Бұл мәселені шешу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды біріктірген жөн. Сыртқы ресурстарды тартудың бір амалы ретінде тірек мектептерді - білім алушылардың дербес білім беру жолдары негізінде өз бетімен жұмыс істеудің салыстырмалы салмағының артуын көздейтін ресурс орталықтарын қарастыруға болады. ШЖМ дамыту орталықтарымен тірек мектептеріне - ресурс орталықтарына арналған бейінді оқыту бағыттары бойынша бірыңғай оқу бағдарламалары әзірленуде.



Осыған орай, Ақмола облысында ДББҰ тәжірибені тарату бойынша тағы бір маңызды бағыты - шағын жинақты мектептердің педагог кадрларын кәсіби дамытуды жүзеге асыруда.

2016 жылдың тамыз айында ДББҰ мен Ақмола облысы білім беру басқармасы Меморандумға қол қойды, бірлескен жұмыс жоспары бекітілді.

2016-2017 оқу жылына түрлі бағыттар бойынша 11 іс-шара жоспарланды (семинарлар, тренингтер, шеберлік сыныптары, практикумдар). 2016 жылдың тамыз айынан желтоқсан айында дейін:

- ▶ Ақмола облысының Аршалы ауданының бастауыш сынып мұғалімдеріне, директорлардың орынбасарларына, 18 ШЖМ директорына арналған 3 қысқа мерзімді семинар-тренинг өтті;
- ▶ Аршалы ауданының Арнасай мектебі мен Зияткерлік мектептердің директорлық корпусы арасында мектеп маңындағы аумақта Жасыл технологияларды пайдаланып, оқушылар мен педагогтардың жобалық және зерттеу жұмыстарын дамыту, жылыжай шаруашылығын құру бойынша тәжірибе алмасқан көшпелі семинар-практикум өтті;
- ▶ ШЖМ педагогтары мен басшылары Зияткерлік мектептердің инновациялық алаңымен танысқан бірқатар оқыту семинарлары мен тренингтері өткізілді.
- ▶ 2016 жылы Көкшетау қаласында Зияткерлік мектепте және педагогикалық колледжде аймақтық конференция мен оқыту семинары - 7 облыстың 100 педагог қызметкеріне (мектеп мұғалімдері мен басшылары, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне) арналған бастауыш мектепте қазақ тіліне шому әдісі бойынша НЗМ тәжірибесін тарату тренингі өткізілді.



Осы жұмысты жалғастыру мақсатында аймақтардың қатысушылары мемлекеттің жалпы білім беру мектептерінде тілдік ортаға ену тәжірибесін ұсынды.

Тәжірибені тарату жұмысы 2017 жылы одан әрі жалғасатын болады. Жоспарда:

- ▶ Аршалы ауданының Арнасай мектебін Аршалы және Целиноград аудандарының барлық шағын жинақты мектептері үшін тірек алаңы ретінде белгілеу;
- ▶ инновациялық тәжірибені тарататын, педагогтардың кәсіби деңгейін арттыратын ықшам әдіскерлер топтарын құру;
- ▶ Ақмола облысының қалған аудандарында шағын жинақты мектептермен тәжірибені енгізу жұмысын жалғастыру.

3.3. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

2015 жылдың наурыз айында тәжірибені тарату аясында ДББҰ мен Қызылорда облысының әкімі арасында инновациялық оқыту әдістері мен технологияларын аймақтың 22 инновациялық жалпы білім беру мектептеріне тарату бойынша Ынтымақтастық меморандумы бекітілді.

Тәжірибені тарату жұмысы екі бағытта жүргізілуде:

- ▶ Облыс мектептері педагогтарының кәсібилігін дамыту;
- ▶ Басшылар мен педагогтардың желілік кәсіби қауымдастығын құру.

2016 жылға бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес **41 іс-шара жоспарланып, 49-ы** (4 семинар, 3 тренинг, 3 шеберлік сыныбы, 11 педагогтардың біліктілігін арттыру курсы, 28 педагогтарға әдістемелік қолдау көрсету іс-шарасы) өткізілді.



Іс-шаралар шеңберінде оқытылған тұлғалар саны:

- ▶ 83 басшы (директорлар мен оқу ісі меңгерушілері);
- ▶ 550 бастауыш сынып мұғалімі, пән мұғалімдері;
- ▶ әдістеме мен технологиялар бойынша 29 мектеп тренері;
- ▶ 168 бағалау үйлестірушісі;
- ▶ қалалық/аудандық оқу бөлімдерінің 43 әдіскері.

Жаңартылған білім мазмұнын енгізуді қамтамасыз ету мақсатында ДББҰ ПШО арқылы облыс мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бойынша нысаналы жұмыс жүргізеді. Бүгінгі күні Қызылорда облысы педагогтарының әлеуеті айтарлықтай жоғарылады, облыс мектептеріне жаңартылған білім мазмұнын ойдағыдай енгізу үшін орта дайындалды. Деңгейлік курстардың бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен 1224 мұғалімнің 49%-ы яғни 605 мұғалім, ал жаңартылған білім мазмұны бойынша курстардан өткен 1376 бастауыш сынып мұғалімінің 40%-ы яғни 550 мұғалім 22 инновациялық мектепте қызмет атқарады.

Сонымен қатар жаңартылған білім мазмұны шеңберінде Қызылорда облысының педагог кадрлары 2016 жылы ПШО-нда оқытудан өтті.

Кесте. Оқытылған адамдар саны

Бағыты	Педагог қызметкерлер санаты / бағдарламалар	Оқытылған педагогтар	
		2012-2016 ж.ж. оқытылған адамдар саны	2017 жылы оқытуды талап ететін адамдар
оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша	Деңгейлік бағдарламалар бойынша педагогтар	1 224	605
	Жалпы білім беру мектептерінің басшылары	171	27
	Оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша мектеп тренерлері	312	29
білім мазмұнын жаңарту бойынша	Облыстық БББ, аудандық/қалалық әдістемелік кабинеттер қызметкерлері	108	43
	Жалпы білім беру мектептерінің директорлары мен орынбасарлары	290	83
	Бастауыш мектеп пәндерінің мұғалімдері	1 376	550
	Сыни бағалауды енгізу үйлестірушілері	303	22
	Робот техникасы бойынша информатика мұғалімдері	167	52
	Негізгі мектеп пәндерінің мұғалімдері		
ЖОО мен колледждер ПОҚ	Астана қаласының гуманитарлық колледжінің оқытушылары	63	-

Педагогтарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында:

- Қызылорда облысының инновациялық мектептерінің ізденімпаз педагогтары, әдіскерлері мен басшылары қатарынан «Әдістемелік керуен/Методический караван» шығармашылық тобын құрды;
- Инновациялық мектептердің педагог қызметкерлерінің онлайн қауымдастығы құрылды. Оған мектеп мұғалімдері, директорлары, оқу ісінің меңгерушілері, әдістемелік бірлестіктер басшылары, аудандық/қалалық білім беру бөлімдерінің әдіскерлері кіреді (1302 адам, 54%);
- Тәжірибе алмасу бойынша 17 ашық сұхбат алаңы ұйымдастырылды.

Бірлескен қызмет нәтижесінде:

- **10 мектепке** лицей мен гимназия мәртебесі берілді;
- **24 мектеп** инновациялық мектептер жобасына қосылды;
- **12 мектеп** Гранттық инновациялық жобаларды жүзеге асыруды бастады (БҰҰДБ қолдауымен);

- **10 мектеп** Зияткерлік мектептердің әлеуметтік жобалары мен тәжірибелерін жүзеге асырады, олардың ішінде **8 мектеп** мектеп қоғамдастығының «Шаңырақ» жобасы бар; **2 мектеп** «Туған елге тағзым» жобасын жүзеге асырады.

Қызылорда облысының білім беру кластерінің өзара байланысы келесі беттегі сызба-нұсқада келтірілген, оған: ПШО, Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектеп, аймақтың 30 жетекші мектебі, жаңартылған білім мазмұнын енгізу бойынша 2 сынамалы мектеп, 22 инновациялық мектеп, Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату бойынша 2 базалық мектеп, 12 Гранттық мектеп және тіркелген 242 магниттік мектептер кіреді.

Бұл білім беру кластері педагогтарға уақытылы әдістемелік қолдау көрсетуге, оқыту үдерісіне заманауи әдістер мен технологияларды енгізуге, облыста білім беру сапасын арттыруға жауапты. Тәжірибені енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық пен үйлестіруді облыстың білім беру басқармасының оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырды.



Жетекші мектептерде директорлар мен оқу ісі меңгерушілері басшыларға арналған курстардан өтті, педагогтар деңгейлік бағдарламалар мен жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктіліктерін арттырды. Қазір облыстың 298 жалпы білім беру мектебі үшін білім мазмұнын жаңартуды қолдау мақсатында педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру бойынша ең озық тәжірибені қамтитын 56 жетекші мектеп қызмет етеді.

Мұғалімдердің мектептегі әлеуетін нығайту, мектеп ішінде оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша курстар өткізу мақсатында 2016 жылы облыста 312 мектеп тренері дайындықтан өтті.

Критериалды бағалау бойынша семинарлар мен кәсіби консультацияларды ұйымдастыру мақсатында аймақ мектептерінен 287 оқу ісінің меңгерушілері қатарынан бағалау жөніндегі мектеп үйлестірушісі ретінде дайындықтан өтті. Аудан деңгейінде мектептерге 108 әдіскер мен 16 аймақтық бағалау үйлестірушісі қолдау көрсетеді.

**2016 жылдың қараша айында
Зияткерлік мектептердің тәжірибесін
аймақ мектептеріне тарату нәтижелері
бойынша облыс әкімдігінің, білім беру
басқармасының, педагог және ата-аналар
қоғамдастығының қатысуымен «Дөңгелек
үстел» өткізілді.**


Мектеп педагогтары мен басшыларының, аудандық/қалалық оқу бөлімдері меңгерушілерінің, облыс әкімінің ұсыныстары бойынша бұл жұмысты жалғастыру және 2017 жылы аймақ мектептерін қосымша қаржыландыру туралы шешім қабылданды.

Жоспарда:

- ▶ 46 инновациялық мектеп облыстың қалған барлық жалпы білім беру мектептері үшін тірек алаңына – ресурс орталықтарына айналады;
- ▶ бірнеше бағыт бойынша педагогтарды тұжырымдамалық оқытумен, білім мазмұнын жаңартумен, инновациялық жобаларды енгізумен айналысатын ықшам топтар құру және т.б.;
- ▶ ЖӘК порталында педагог ұжымдар тәжірибесі бөлісетін, өздерінің әзірлеген ең жақсы жұмыстарын орналастыратын, педагогтар мен әдістемелік кабинеттер қызметкерлерінің педагогикалық білім базасын дамытатын парақша құру;
- ▶ инновациялық мектеп кітапханалары оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға, жобалық жұмыстарды жасауға, мектеп педагогтарының біліктілік деңгейін арттыруға, сонымен қатар оқушылардың білуге құмарлығын дамытуға, білім алушылардың сабаққа дайындық барысында ынтасын арттыруға және қосымша материалдарды оқуға қажетті өз бетімен оқу және оқу материалдарын іздеу дағдыларын дамытуға арналған ғылыми-әдістемелік орталықтарға айналады.

Әкімдіктің облыста білім беру сапасын арттырудағы жетекші рөлі мен қызығушылығы, білім мазмұнын жаңарту барысында мәселелерді шапшаң шешуі 2 жыл ішінде Қызылорда облысында білім беру сапасын және педагогтардың шығармашылық әлеуетін арттыруда оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Сурет. Қызылорда облысы мектептерінің өзара байланысын көрсететін сызба



3.4. ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ «ЖАС ҰЛАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАРЫ

2016 жылдың қаңтар айында ДББҰ мен Ұлттық қорғаныс университеті арасында тәжірибені төрт «Жас Ұлан» Республикалық әскери мектеп-интернатына тарату туралы Меморандум бекітіліп, 2016 жылға бірлескен жұмыс жоспары мақұлданды.

Бекітілген жоспарға сәйкес 26 іс-шара (10 семинар, 6 тренинг, 2 біліктілікті арттыру курсы, 8 педагогтарға әдістемелік қолдау көрсету іс-шарасы) өткізілді.

Орта білім мазмұнын жаңартудың негізгі ережелерін түсіндіру бойынша 2016 жылдың маусым айында Астана қаласындағы «Жас Ұлан» республикалық мектебінің **27 мұғаліміне** жаңартылған білім мазмұны бағдарламаларының ерекшеліктері қарастырылған тренинг өткізілді; Іс жүзінде:

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінің мұғалімдеріне арналған «Тіл пәндерін оқытудағы коммуникативтік тәсілдеме»;
- Жаратылыстану-ғылыми пәндер мұғалімдеріне арналған «Физика, химия, биология сабақтарында «зерттеу арқылы оқыту» тәсілдемесін қолдану»;
- «Математика пәнінің оқу бағдарламаларындағы мазмұндық желілер»;
- «География пәнінің оқу бағдарламаларының ерекшеліктері»;
- «Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту».



Тренерлер мен тыңдаушылар жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асырудың өзекті педагогикалық тәсілдемелеріне қатысты тапсырмаларды орындады, белсенді оқыту әдістерін қарастырды. Тренерлердің басшылығымен іс-шараға қатысушылар қысқа мерзімді жоспарлардың жобаларын әзірледі. Олардың негізінде мұғалімдер жаңа оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдану бойынша алған білімі мен дағдыларын іс жүзінде қолданған шағын сабақтар жүргізді.

«Жас Ұлан» мектептерінің басшылары мен педагогтары біліктілікті арттыру курстары мен оқыту семинарларынан өтті, сонымен қатар Астана, Қарағанды, Шымкент және Алматы қалаларындағы педагогтардың шеберлік сыныптарына қатысып, өз мектептерінің педагогикалық қызметін одан әрі дамыту жолын анық көре алады.

2016 жылдың желтоқсан айында «Жас Ұлан» мектептерінің педагогтары мен басшылары үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің қатысуымен оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда мектеп педагогтары мен басшылары сабақ барысында оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті, сондай-ақ қызықты сабақ құру, оқушылардың бойында зерттеу қызметі дағдыларын дамыту, жобалық жұмыстарды, математикалық үлгілеу дағдыларын қалыптастыру және т.б. саласындағы Зияткерлік мектептер тәжірибесін енгізу бойынша одан арғы жұмыстың келешекке бағытталған жолдарын атап өтті.

Әскери мектептер кітапханалары ғимараттың дизайнын, кітапханада оқушылар мен мұғалімдерге арналған шараларды өткізу түрін өзгерту арқылы



өз жұмыстарын қайта құрды. Пәндік кірігу, оқуға деген қызығушылықты арттыру арқылы оқу және ақпараттық сауаттылықты дамыту мақсатында сабақтарды ақпараттық жағынан қамтамасыз ету, кітапхана ресурстарын қолдана отырып, белсенді ойын әдістемелерін өткізу негізінде, мектеп кітапханаларында кіріктірілген сабақтар өткізіледі, үй жұмысын орындауда курсанттардың ерекше қызығушылығын тудырған жеке сабақтардың тақырыптары талқыланады және т.б.

2017 жылға төмендегі іс-шаралар жоспарланып отыр:

- ▶ Астана қаласындағы «Жас Ұлан» мектебі республиканың әскери мектептер желісінің тірегіне айналады;
- ▶ Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларындағы «Жас Ұлан» мектептері Зияткерлік мектептердің 20 оқушысымен бірге далалық жиын өткізудің тірек алаңына айналады;
- ▶ тұжырымдамалық оқытумен, әскери мектептер желісі мектептері мұғалімдерінің білім беру мазмұнын жаңартумен айналысатын Жобалық топ құрылады;
- ▶ педагогтар өздерінің үздік жұмыстарымен бөлісе алатын мектептер желісі, мұғалімдердің педагогикалық білім базасын дамыта алатын СМЖ парағы жасалады;
- ▶ кітапхана оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі мен педагогтардың біліктілік деңгейін арттыру орталығына айналады;
- ▶ тәрбие жұмысы жөнінде директор орынбасарлары оқушылардың кәсіптік бағдары бойынша оқытылады;
- ▶ педагогтардың АКТ сауаттылығы дамытылады;
- ▶ мектеп директорларының Зияткерлік мектептерде тағылымдамадан өтуі ұйымдастырылады;

- ▶ АӘД және дене шынықтыру мұғалімдеріне шеберлік сыныптары мен тәжірибе алмасу ұйымдастырылады.

ДББҰ-ның «Жас Ұлан» Республикалық әскери интернат-мектептерімен сәтті жұмыс істеуі Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің, ҚР Тұңғыш Президенті - Ұлт Көшбасшысы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің үлкен қолдауы мен мүдделілігімен еншілес білім беру ұйымдарында жоғары сапалы білімге қол жеткізу үшін оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы инновацияларды енгізу және педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру қамтамасыз етілген.

3.5. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА МЕКТЕБІ

2016 жылы 2014 жылдың қараша айында жасалған ДББҰ мен РФММ арасындағы Өзара ынтымақтастық меморандумы және инновациялық бағдарламаларды енгізу бойынша бірлескен іс-шаралар жоспары аясында тәжірибені трансляциялау жұмысы жүргізілді.

2016 наурыз айынан бастап ДББҰ Астана және Алматы қалаларындағы «Республикалық физика-математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының акционері болып табылатынын айта кеткені жөн.

11 пән бойынша КБББ-на сәйкес 9-11-сыныптардың **оқу бағдарламалардың мазмұнын:** қазақ, орыс, ағылшын тілдері, математика, тарих, география, информатика, биология, химия мен экономика бойынша **бейімдеу** жұмысы жүргізілді.

Есеп берілген осы жылдың сәуір айында Алматы қаласының РФММ-інің жаратылыстану-математика, қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндердің, тілдік пәндердің **30 мұғалімінің** қатысуымен семинар өткізілді. Семинар барысында Зияткерлік мектептер мен РФММ бағдарламаларын кіріктіру механизмдері анықталды. Семинар нәтижелері бойынша БББӨ мамандарының қолдауымен РФММ үшін оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу бойынша ұсыныстар хаттамасы жасалды.

Үштілдік оқытуды **енгізу мақсатында пәндерді үш тілде оқытуға көшу кестесі** құрылды. Пән (тілдік емес) мұғалімдері үшін пәнді басқа тілде оқыту үшін тіл үйрету курстары ұйымдастырылды. Сондай-ақ ағылшын тілі мұғалімдері ағылшын тілін меңгеру деңгейлерін арттыруға бағытталған курсты аяқтады.

2016 жылдың қыркүйек айынан бастап:

- ▶ орыс тілінде оқитын 9-сыныптарда «Қазақстан тарихы», «География» - қазақ тілінде, «Химия», «Биология», «Физика», «ҒЖЖБ», «Экономика» - ағылшын тілінде;
- ▶ қазақ тілінде оқитын 10-сыныптарда «Дүниежүзі тарихы», «Информатика» – орыс тілінде, «Химия», «Биология», «Физика», «ҒЖЖБ», «Экономика» - ағылшын тілінде;
- ▶ орыс тілінде оқитын 10-сыныптарда «Қазақстан тарихы», «География» – қазақ тілінде, «Химия», «Биология», «Физика», «ҒЖЖБ», «Экономика» - ағылшын тілінде;
- ▶ қазақ тілінде оқитын 11-сыныптарда «Дүниежүзі тарихы», «Информатика» – орыс тілінде, «Экономика» және «ҒЖЖБ» - ағылшын тілінде;
- ▶ орыс тілінде оқитын 11-сыныптарда «Қазақстан тарихы», «География» – қазақ тілінде, «Экономика», «ҒЖЖБ» - ағылшын тілінде енгізіле бастады.

Тәрбие компоненті – әрбір сабақта оқу бағдарламасында құндылықты тәсіл, сондай-ақ сабақтан тыс жұмыс арқылы жүзеге асырылатын, білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол мынадай сабақтан тыс жұмыс арқылы жүзеге асырылады: қосымша білім және әр түрлі әлеуметтік жобалар/тәжірибелер.

РФММ педагогтары тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерімен және Зияткерлік мектептердің кітапханаларының жұмысымен танысты.



Осылайша, Қызылорда, Талдықорған, Астана және Алматы қалаларының мұғалімдері «Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының ерекшеліктері» атты семинарға қатысты. Олар бірнеше бағыттар бойынша әлеуметтік жобаларды зерттеді («Шаңырақ» мектеп қауымдастығы, «Зияткерлік мектептер оқушыларына оқуға ұсынылған 100 кітап», «READING TIMES», «Book Crossing», «Білім көзі - кітапта» жобалары, «2 апта ауылда» әлеуметтік тәжірибесі, «Wikipedia клубы» жобасы, «Ата-аналардың жұмыс орнында 10 күн» кәсіптік бағдарлау тәжірибесі, «Wikipedia клубы» жобасы, «Баланы жұмысқа ал» бір күндік тәжірибесі, «Таратуға тұрарлықтай идея» форматындағы «TEDx NIS» жобалық клубы, «Қазақ әндері» жобасы, «Қоғамға қызмет ету» бағдарламасы).

Педагогтарды кәсіби дамыту бойынша үлкен жұмыс жасалды. Астана және Алматы қалаларындағы РФММ-нде 202 педагог кадр қызмет атқарады.

РФММ мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіктерін дамыту қажеттігін анықтау мақсатында ДББҰ бастапқы мониторинг ұйымдастырды, оның нәтижелері:

1. Педагогтардың АКТ-құзыреттік деңгейін анықтауға 80 мұғалім қатысты, олардың ішінен жоғары деңгейді - 1 педагог, орташа деңгейді - 18 (22,5%), төмен деңгейді - 49 мұғалім (61,3%), нашар деңгейді - 12 (15%) мұғалім көрсетті.
2. Қазақ тілін білу деңгейін анықтау, Қазтест (ҰТО) – 77 мұғалім: жоғары деңгей - 5% мұғалім, орташадан жоғары деңгей - 40%, орташа деңгей - 24%, бастапқы және қарапайым деңгей – 31%.

3. Пән мұғалімдерінің ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға халықаралық APTIS тестін (Британдық кеңес) өткізу арқылы – 61 мұғалім (жоғары деңгей - 1 мұғалім C (1%) және 4 мұғалім B2 (7%), орташа деңгей – 7 адамнан 11% (B1) және (A2), төмен деңгей A1 - 25 мұғалім (42%), A0 – 17 мұғалім (28%)) қатысты.
4. 9 мұғалімнің ағылшын тілін білу деңгейі халықаралық IELTS емтиханын (Британдық кеңес) тапсыру арқылы анықталды (6,5 балл - 3 педагог, 6,0 балл – 4 мұғалім, 5,0 балл - 2 мұғалім).

Осыған орай келесі жұмыстарды ұйымдастыру қажет:

- ▶ құзыреттілік сертификаттарын алу арқылы тілдік және тілдік емес пәндер педагогтарының біліктілігін арттыру;
- ▶ ДББҰ тәжірибесі негізінде кадрлар біліктілігін арттыру жүйесін енгізу;
- ▶ ББҰ тәжірибесі бойынша педагогтардың аттестациясын енгізу.

Сонымен қатар есеп беру кезеңінде тәжірибені тарату шаралары бойынша **жоспарланған 41 шараның орнына 43 шара өткізілді.**

РФММ педагогтары ДББҰ-нда бағалау, тәрбие жұмысы, кітапхана жұмысын ұйымдастыру бойынша оқыды, ДББҰ-ның жыл сайынғы конференциясына мазмұн, көшбасшылық, педагогтардың кәсіби дамуы мен зерттеу жұмысын ұйымдастыру тақырыптары бойынша секцияларға қатысты.

Алматы қаласы ФМБ Зияткерлік мектеп негізінде шығармашылық топ мұғалімдерінің оқу-зертханалық құралдарды қолдану бойынша ашық отырысы өткізілді.

Осылайша, РФММ-нде жұмысқа шығармашылық тұрғыдан қарайтын педагогтар әлеуеті құрылған. Олар мектепте инновациялық жұмысты орындайды және өз әріптестерін мектептің 8 әдістемелік бірлестіктерінде оқытады. Инновацияларды енгізіп жатқан мұғалімдер ұжымы мектептегі оқу үдерісін әдістемелік жағынан қамтамасыз етеді, оқуға жаңа тәсілдер мен амалдарды, тәсілдемелер мен технологияларды енгізу бойынша жұмыс істейді, сонымен қатар әріптестерінің кәсіби дамуымен айналысады.

2017 жылы жұмыс келесі мәселелерге бағытталатын болады:

- ▶ оқу жоспарларын КБББ мазмұнына сәйкестендіру;
- ▶ РФММ-ін республикадағы осы бағыттағы арнайы мектептерге одан арғы қолдау көрсету бойынша Алматы және Астана қалаларының физика-математикалық пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептерінің тірек алаңы ретінде белгілеу;
- ▶ педагогтар өздерінің үздік сабақтары мен зерттемелерін орналастыра алатын РФММ мектептері үшін СМЖ парағын жасау;
- ▶ мектеп кітапханаларында оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы орталықтарын құру;
- ▶ РФММ ішінде педагогтардың біліктіліктігін арттыру жүйесін құру;
- ▶ ата-аналар қауымдастығын РФММ оқушыларының сабақтан тыс жұмысына тарту;
- ▶ РФММ-нде тәрбие жұмысының ұйымдастырылуын жетілдіру.

3.6. РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ РЕТІНДЕ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚР АЙМАҚТАРЫНДА ЖҮРГІЗГЕН ЖҰМЫСТАРЫ

Зияткерлік мектептер республикада білім мазмұнын жаңарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізетін аймақтардағы негізгі ресурс орталығы болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұны апробациясын сүйемелдеу, пилоттық және жалпыға бірдей білім беретін мектеп педагогтарына тұрақты әдістемелік қолдау көрсетіп, кеңес беру үшін әрбір Зияткерлік мектептің алдына жауапты міндет қойылған. Зияткерлік мектептердің 2015-2017 жылдарға арналған 30 пилоттық мектебімен жүргізілетін жұмыс жоспарлары бекітілді. 2016 жылы:

- ▶ **739** оқу семинары;
- ▶ **477** оқу тренингі;
- ▶ бастауыш мектептің барлық пәндері бойынша **2 081** шеберлік сыныбы (оның ішінде 527 топтық сабақ беру);
- ▶ пилоттық мектеп педагогтарының **814** сабағына қатысу және ұсыныстар;
- ▶ пилоттық мектептердің ағылшын тілі **мұғалімдеріне** арналған **423** тіл курсы;
- ▶ ата-аналарға арналған **46** түсіндіру дәріс сабақтары (лекторий);
- ▶ бастауыш мектеп оқушыларына арналған **511** онлайн-сабақ пен мұғалімдерге арналған **96** онлайн-семинар ұйымдастырылды.

Аймақтардағы Зияткерлік мектептердің іс-шаралары бойынша толығырақ ақпарат кестеде берілген (7-қосымша).

Зияткерлік мектептер республиканың жалпы білім беретін мектептерінің педагогтарына мынадай салалар бойынша күнделікті тұрақты әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетіп келеді:

- ▶ тиімді оқу-тәрбие үдерісі (оқушыларды оқыту мен оқуда саралау тәсілі, сабақтағы формативті бағалау, оқыту мен оқудың интерактивті формасы мен амалдарын қолдану);
- ▶ тілдік пәндерді оқыту (демалыс кезіндегі тілдік курстар, 4 сөйлеу дағдысын дамыту бойынша формативті бағалауды қолдану ерекшеліктері);
- ▶ мектептегі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының басты құндылықтарына негізделген тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- ▶ «Өзің оқып-білгеніңді өзгеге де оқыт», «Тең-теңіне» қағидалары бойынша педагогтардың көшбасшылық дағдыларын дамыту;



- ▶ мектепте қолайлы психологиялық орта құру;
- ▶ оқу-тәрбие үдерісінде деректерді әрі қарай қолдану үшін баланың қабілеттілігін ерте кезеңде анықтау;
- ▶ оқушының кәсіби икемділігін айқындау бойынша ерте анықтау жұмыстарын өткізу;
- ▶ онлайн-мектеп ұйымдастыру;
- ▶ сабақтарда заманауи АКТ-технологияларын қолдану.

Бұдан басқа, Зияткерлік мектептердің оқу-материалдық базасы жалпы білім беретін мектептерде қолайлы оқыту және оқу ортасын құру әрі білім беру кеңістігін өзгерту үшін тәжірибені таратудың ресурстық орталығы ретінде қолданылады. Осы мақсатпен:

- ▶ мектеп директорлары мен олардың орынбасарларына, бастауыш мектеп мұғалімдері мен пән мұғалімдеріне арнап сабақтарды оқыту әдістемелері мен технологиялары бойынша тағылымдамалық алаңдар құрылған;
- ▶ еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің педагогтарына тұрақты әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету үшін жаңашыл мұғалімдердің шығармашылық топтары құрылған;
- ▶ жергілікті қоғамдастық, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, қарттар үйіндегі жасы үлкен кісілер үшін іс-шаралар мен әлеуметтік науқандар ұйымдастырылады;
- ▶ мектептердің педагогикалық қызметкерлері үшін диалог алаңдары ашылды;
- ▶ әр түрлі пәндер бойынша оқушыларға арналған виртуалды және демалыс кезіндегі мектептер жұмыс істейді;
- ▶ пилоттық мектептердің мұғалімдері үшін тұрақты әдістемелік күндер өткізіледі (аптасына 1 күн);
- ▶ STEAM, Робот техникасы, ағылшын тілі бойынша жазғы мектептер жұмыс жасайды;
- ▶ республика мектептері оқушыларына арналған тұрақты спорттық шаралар өткізіледі;
- ▶ жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері үшін «Геометриялық шеберхана» атты жыл сайынғы олимпиада өткізіледі;
- ▶ сабақтарда оқыту және оқу тәсілдері мен амалдарын енгізу бойынша ШЖМ педагогтарымен серіктестік орнатылды.

4-ТАРАУ.

БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ





4-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Оқыту ресурстары білім беру мазмұнын жаңарту үрдісінде едәуір рөл атқарады.

4.1. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕР (ОӘК)

2016-2019 жылдары білім мен ғылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру¹ және Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату аясында оқу-әдістемелік кешендерді (бұдан әрі – ОӘК) әзірлеу жұмысы жүргізілуде:

- ▶ бастауыш мектептің 1, 2 және 3-сыныптары үшін (МЖМБББС сәйкес);
- ▶ негізгі мектептің 5 және 7-сыныптары үшін (МЖМББС сәйкес).

ОӘК стратегиялық серіктеспен – Кебридж Университетінің Баспасымен (бұдан әрі – КУБ) бірлесе әзірленеді. КУБ жұмыскерлерімен бірлесіп, келесі шаралар өткізілді:

- ▶ *Бастауыш мектепке арналған ОӘК әзірлеу бойынша авторларға арналған 18 даярлық семинар, редакторларға арналған 6 семинар;*
- ▶ *Негізгі мектепке арналған ОӘК әзірлеу бойынша авторларға арналған 7 даярлық семинар, редакторларға арналған 8 семинар.*

ОӘК әзірлеу жұмысына **352** адам қатысты:

- ▶ Зияткерлік мектеп мұғалімдерінен 173 әзірлеуші-автор;
- ▶ жалпыға ортақ білім беретін мектептердің мұғалімдері мен Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары құрамынан 61 әзірлеуші-автор;
- ▶ Зияткерлік мектеп мұғалімдері және елдегі жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары құрамының 79 редактор;
- ▶ Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының ПАҚ-нан 39 ғылыми кеңесші.

Есеп беру кезеңіндегі жұмыстың басты нәтижесі қазақ пен орыс тілдерінде ОӘК әзірлеу болып табылады.

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы

Кесте. Әзірленген ОӘК

Сынып	ОӘК саны	Пәндер	Атаулар саны	Жағдайы
1	6	«Математика» (Қаз. т./Орыс. т.), «Дүниетану» (Қаз. т./Орыс. т.), «Жаратылыстану» (Қаз. т./Орыс. т.)	18	ҚР БҒМ жалпы білім беретін мектептердің негізгі оқулықтар тізіміне енгізілді
2	16	«Математика», «Дүниетану», «Жаратылыстану», «Көркем өнер», «Музыка», «Орыс тілі (екінші тіл ретінде L2)», «Орыс тілі (бірінші тіл ретінде L1)», «Әдебиеттік оқу», «Қазақ тілі (екінші тіл ретінде – T2)», «Қазақ тілі (бірінші тіл ретінде – T1)», «Әдебиеттік оқу»	48	ҚР 30 пилоттық мектепте апробациядан өтуде
3	18	«Математика», «Дүниетану», «Жаратылыстану», «Көркем өнер», «Музыка», «Орыс тілі (екінші тіл ретінде L2)», «Орыс тілі (бірінші тіл ретінде L1)», «Әдебиеттік оқу», «Қазақ тілі (екінші тіл ретінде – T2)», «Қазақ тілі (бірінші тіл ретінде – T1)», «Әдебиеттік оқу», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»	52	жобалық нұсқалары әзірленді
5	16	«Математика», «Информатика», «Жаратылыстану», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Орыс әдебиеті»	32	жобалық нұсқалары әзірленіп, «Оқулық» Республикалық ғылыми тәжірибелік орталығының сараптамасына тапсырылды
7	26	«Математика», «Информатика», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Физика», «Химия», «География», «Биология», «Қыздарға арналған көркем өнер», «Ұлдарға арналған көркем өнер», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті» және «Орыс тілі мен әдебиеті»	52	жобалық нұсқалары әзірленіп, «Оқулық» Республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының сараптамасына тапсырылды

ӘЗІРЛЕНГЕН ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕРДІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

ОӘК оқу бағдарламасының игерілуін қамтамасыз етеді, әр сабақта оқу мақсаттарының жетуіне жағдай жасайды.

Бастауыш мектепке арналған ОӘК оқулықтан, жұмыс дәптерінен және мұғалім нұсқаулығынан тұрады. Негізгі мектепке арналған ОӘК - оқулық пен мұғалім нұсқаулығынан тұрады.

Оқулықтардың құрамы оқу құралына қойылатын талаптарға сәйкес әзірленеді. Әзірленген оқулықтар тәжірибеге бағытталған тапсырмалармен ерекшеленеді. Бұл тапсырмалар білім алушылардың функционалды сауаттылығының қалыптасуына бағытталған және білім алушылардың білімдері мен дағдыларын саралап нығайту ұстанымын ескере отырып әзірленген.

Оқу материалын ұсынудың түрлі формалары оқушыларда мәтіндермен, суреттермен, кестелермен, сызбалармен, диаграммалармен жұмыс істеу дағдыларының дамуына жағдай жасайды.



Оқулықтың қосарбеттерінде орналасқан айдарлардан іс-әрекетті жүзеге асырудың түрлерін байқауға болады. Айдарлардың тапсырмалары сабақта алған білімдерді бекіту мен тереңдетуге бағытталған тәжірибелік әрекеттерді орындауды талап етеді. Оқу айдарлары, сонымен қоса, білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі танымдық қызығушылығының жандануына жағдай жасайды.



Оқушылардың өздігінен білім алу қабілетін дамыту оқулықпен жұмыс жасауға көмектесетін тапсырмаларға қатысты түрлі нұсқаулар беру арқылы, сондай-ақ білім мен дағдыны өз бетінше бақылауға ықпалдасатын тест тапсырмалары арқылы жүзеге асады.

Оқулықтың құрылымы

Әр сабақтың тақырыбы оқулықтың қосбетінде (екі қатар тұрған беттерде) берілген. Құрамы пәндік оқу бағдарламаларының бөлімдері мен бөлімшелеріне сәйкес бөлінген.



Оқулықтың әр бөлімі кіріспе беттен басталады. Бұл беттің мақсаты – оқушыларды бөлімнің тақырыбы мен оның негізгі сұрақтарымен таныстыру.

Оқулықтың қосбеті сабақ мақсаттарынан басталады. Олар оқушыға түсінікті тілмен жазылған және оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Қосбет негізгі мәтіндер, түрлі тапсырмалар мен айдарлардан тұрады.

Суреттер, негізгі мәтіндер мен тапсырмалардың тиімді үйлесімі сабақ мақсаттарына жетудің маңызды шарты болып табылады.

Оқулықтың әр бөлімі қорытынды бетпен аяқталады. Бұл бетте жабық тест түріндегі тапсырмалар берілген. Олар оқушыларға оқу материалын меңгеру деңгейін анықтауға және бөлім тақырыбы бойынша өз білімдерін тексеруге мүмкіндік береді.

Әзірленген оқулықтар қызықты, көп бояулы дизайнымен ерекшеленеді. Оқулықта ашық түсті суреттер қолданылады. Әр сурет оқу материалының құрамын ашып, сәйкес тапсырманы орындаудың негізі болып табылады. Бұған қоса, қосымша ақпарат құралы ретінде қолданылады.


Жұмыс дәптерінде әр сабақта алған білімді кеңейту мен тереңдетуге және дағдыларды бекітуге бағытталған тапсырмалар бар. Дәптердің жұмыс парақтарын сабақта өтілген оқу материалын бекіту үшін қолдануға болады. Сонымен бірге бұл тапсырмаларды формативті бағалаудың құрамдас бөлігі ретінде қолдануға болады.



Мұғалім нұсқаулығы сабақты өткізу бойынша мұғалім жұмысына әдістемелік ұсыныстар жүйесі болып саналады. Мұғалім үшін ұсыныстар оқу үрдісін ұйымдастыру мен өткізу бойынша түсініктемелер түрінде берілген. Нұсқаулықта ұсынылатын ресурстарға сілтемелер де беріледі.

Мұғалім келесі оқу әдістері мен оқу стратегияларын қолданады деп күтілуде:

- ▶ мұқият іріктеліп алынған тапсырмалар мен жан-жақты ойластырылған жұмыс түрлерінің көмегімен оқушыларды ынталандыру және дамыту арқылы оқыту;
- ▶ оқушыларға түсінікті болатын мысалдар арқылы мәселелерді шешу жолдарын құру;
- ▶ зерттеу тәсіліне негізделген белсенді оқуды мадақтау;
- ▶ оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту.



Осылайша, бастауыш және орта білім беру мазмұнының жағартылған стандарттарына сәйкес әзірленген оқу-әдістемелік кешендер пәндік білімді қалыптастыратын, жеке тәжірибе негізіндегі зерттеу мен оқу дағдыларын, шығармашылық және сыни ойлауын дамытатын оқу қызметінің жүйесін енгізуге өз септігін тигізеді.


4.2. САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Сандық білім ресурстарын қолдану педагогтарға оқушыларды оқытудың формаларын, әдістерін, құрамын сапалы түрде түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге тәжірибеге сүйенетін болсақ, педагогикалық іс-әрекеттің құралдары жетіледі, оқытудың сапасы мен тиімділігі артады.

2016 жылы СББР, интерактивті виртуалды зертханалар мен ұялы қосымшаны әзірлеу жұмысы орындалды:

- Негізгі мектеп үшін Информатика (7-сынып), Қазақстан тарихы (5, 7-сыныптар) және Математика (7-сынып) пәндері бойынша қазақ және орыс тілдерінде 50 СББР әзірленген.

Бұл СББР Зияткерлік мектептері мен елдің 30 пилоттық мектебінде апробациядан өтті.






Сурет. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 5-сыныпқа арналған СББР



Сурет. «Математика» пәні бойынша 7-сыныпқа арналған СББР



Сурет. «Информатика» пәні бойынша 7-сыныпқа арналған СББР





- Жіілік сөздіктің негізінде **1-сыныпқа арналған ҚазLingua ұялы қосымшасы** әзірленді. Әр тақырыпта және сабақта сол жаста және сол білім деңгейінде ең жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері пайдаланылады. Бұл, өз тарапынан, түрлі интерактивті тапсырмалардың көмегімен сөйлеу кезінде қазақ тіліндегі сөйлем, сөз тіркестері мен сөздерді қолдануға және есте сақтауға көмектеседі.

ҚазLingua - орыс тілінде оқитын сыныптарда қазақ тілін тиімді меңгеруге мүмкіндік беретін құрал.

Бағдарламалық әзірлеуді ББРО қызметкерлері жүзеге асырды, мазмұнын БББО және А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты қызметкерлері жасады. ҚазLingua тауар белгісі ҚР Әділет Министрлігінде тіркелген.

2016 жылдың 18 тамызында ҚР БҒМ қызметкерлерінің тамыз айындағы Республикалық педагогикалық кеңесінде 1-сыныпқа арналған электронды ОӘК мен ҚазLingua ұялы қосымшасы ҚР Премьер-Министрінің орынбасарына және ҚР Білім және ғылым министріне таныстырылды.

Сурет. 1-сыныпқа арналған ҚазLingua ұялы қосымшасы




- Негізгі мектептің 7, 8-сыныптары үшін «Физика» пәні бойынша қазақ және орыс тілдерінде **интерактивті виртуалды зертханалар әзірленді**. Бұл интерактивті виртуалды зертханалар ДББҰ филиалдарында және елдің 30 пилоттық мектебінде апробациядан өтіп, PlayNIS платформасына орналастырылды.

PlayNIS <http://play.nis.edu.kz/> - орта білім мазмұнын жаңарту аясында құрылған; 392 СББР, Android құрылғыларына арналған 26 қосымша, ОӘК 10 электронды нұсқасын, 2 бейнені қамтиды.

Сурет. 8-сыныпқа арналған «Физика» пәні бойынша виртуалды интерактивті зертхана



PlayNIS платформасында 1-сыныпқа арналған «Жаратылыстану», «Математика» және «Дүниетану» пәндері бойынша электронды оқулықтар орнатылған. Астана қаласының №76 орта мектебі мен елдің 30 пилоттық мектебіне PlayNIS платформасындағы СББР-ге, интерактивті виртуалды зертханаларға, электронды оқулықтарға қолжетімділік берілген. Бұл оқу ресурстары білім алушыларға оқу тақырыптары бойынша қосымша білім алуға мүмкіндік береді.



2017 жылы СББР әзірлеу бойынша және оларды PlayNIS платформасына орналастыру жұмысы жалғастырылады:

- бастауыш мектеп үшін қазақ және орыс тілдерінде «Жаратылыстану», «Математика» және «Дүниетану» пәндері бойынша 33 СББР;
- негізгі мектеп үшін «Биология», «География», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дүниетану тарихы», «Математика», «Физика» және «Химия» пәндері бойынша 172 СББР.



4.3. «ЖҮЙЕЛІК-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН» (ЖӘК) ПОРТАЛЫ

Мемлекеттегі жалпыға білім беретін мектептердің мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында ЖӘК www.smk.edu.kz – жүйелік-әдістемелік кешен порталы әзірленіп, онлайн түрде жұмыс істейді.

ЖӘК порталы – ғылыми-әдістемелік, оқытушылық және басқа да ақпаратты дайындау, орналастыру және қолдануға арналған бағдарламалық-ақпараттық жүйелі кешен.

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне порталда тіркелу (37 576 мұғалім тіркелді), салынған материалды қолдану, пікір жазу мен материал сапасын бағалау мүмкіндіктері бар.

ЖӘК-ге келесі материалдар орналастырылды:


- ▶ жұмыста қолдануға арналған құжаттар: МЖМБББС, Үкімет Қаулысымен және Білім мен ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген ҰОЖ (Үлгілік оқу жоспарлары), бастауыш мектептің оқу бағдарламалары, әр пән бойынша 1-сыныпқа арналып екі тілде жазылған орта мерзімдік жоспарлар, БББӨ қызметкерлері әзірлеген сабақтардың күнтізбелі-тақырыптық жоспарлары;
- ▶ дидактикалық материалдарды қамтитын сабақтардың әзірлемелері: сабақ презентациялары, мультфильмдер мен бейнероликтер, формативті бағалауға арналған қима қағаздар, саралау жұмысын ұйымдастыруға арналған қима қағаздар және т.б. Бастауыш мектеп бойынша әдістемелік кешенді Көкшетау мен Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері әзірледі;
- ▶ бағалау жүйесі бойынша құжаттар: мұғалімдерге арналған критериалды бағалау нұсқаулығы, формативті бағалаудың тапсырмалар жинағы, қорытынды бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар, бейне және презентациялық ресурстар;

- ▶ оқу-әдістемелік кешен: оқулықтардың, жұмыс дәптерлерінің, мұғалім нұсқаулықтарының электронды нұсқалары, сөйлеуді дамытуға арналған постерлер;
- ▶ форум қызметін атқаратын пікірталас алаңы. Мұғалімдерге пікірталас жүргізу, белгілі бір бағыт бойынша кеңес алу, пікір мен ұсыныстарды орналастыру мүмкіндігі берілді.

Қазір порталда 6 000-ға жуық материал орналастырылды. Педагогтар сабақ өткізу үшін бұл әзірлемелерді қолдана алады. Порталға жаңа материал салу жұмысы белсенді түрде жүргізіледі. Педагогтарды сапалы ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында бүкіл материалдар Зияткерлік мектептердің мұғалімдерімен модерациялаудан өтеді.

Есепті кезеңде ЖӘК-ге пәндер мазмұны, бағалау жүйелері, оқыту-тәрбелеу үрдісін ұйымдастыру, оқыту әдістемесі және т.б. туралы 1 016 сұрақ келіп түсті.

Оқу бағдарламаларының әзірлеушілері - ДББҰ мен Ы.Алтынсарин атындағы ҰББА қызметкерлері бүкіл сұрақтарға уақытылы жауап береді. Түсетін сұрақтар бойынша апта сайын талдау жүргізіледі. Талдау негізінде педагогтар жұмысындағы бөлек мәселелерді шешу үшін іс-шаралар қолданылады. Мысалы, түрлі аудандар мұғалімдерінің сұрауымен бүкіл 1-2-сыныптардың пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар әзірленді. Бұл жоспарлар жұмыста қолдану үшін ЖӘК порталына орналастырылды.



4.4. БАСЫЛЫМДАР

4.4.1. «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАЛОГ» АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ БАСЫЛЫМЫ

Кембридж университетінің білім факультетінің сарапшыларымен ынтымақтастықта ПШО тәжірибесін тарату шеңберінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Педагогикалық диалог» атты ақпараттық-әдістемелік журналы басып шығарылуда.

2016 жылы **журналдың 4 нөмірі** басылды. Олар орта білім мазмұнын жаңарту аясында оқыту мен сабақ берудің өзекті мәселелеріне бағытталған.



№1 нөмір (11) «Педагогикалық зерттеу» тақырыбын қамтиды. Бұл журналда педагогикалық зерттеуді жүргізудің жалпы теориялық-әдістемелік мәселелерін және мұғалімдердің зерттеу дағдыларын нығайту әдістерін қарастыратын мақалалар ұсынылған.



№2 нөмір (12) «Орта білім мазмұнын жаңарту» тақырыбына бағытталған. Бұл басылымда жаңартылған стандарттың және бағалау жүйесінің ерекшеліктері, олардың 30 пилоттық мектепте апробациядан өту тәжірибесі ұсынылған.




№3 нөмір (13) «Тиімді оқыту: әдістер мен құралдар» тақырыбына бағытталған. Авторлар проблемаға бағытталған оқыту және оқу мен рефлексиялық практика тәсілдерін, эмоционалдық ақыл-парасат пен оқушылардың өзін-өзі реттеуі арқылы метатанымдық дағдыларды дамыту құралдарын, бағалау құралдары арқылы оқушылардың уәждемесін арттыру жолдарын қолдану тәжірибесін жариялайды.



№4 нөмір (14) ДББҰ-ның «Білім беру саласындағы өзгерістер аясын кеңейту: апробация мен тарату» VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына арналған. Мақалада отандық және шетелдік білім беру саласындағы сарапшылардың тәжірибесі, сондай-ақ қазақстандық педагогтардың үздік тәжірибесі ұсынылған.

Жалпы 2012-2016 жылдар арасында журналдың 18 нөмірі 34 000 дана көлемінде басылды.

График. «Педагогикалық диалог» журналының басылымы



Жыл сайын журнал авторларының географиясы ұлғаяды: Австралия, Әзірбайжан, Армения, Ұлыбритания, Израиль, Индонезия, Испания, Канада, Қырғызстан, Малайзия, Нидерланды, Португалия, Ресей, АҚШ, Финляндия, ОАР, Ямайка, Жапония.

Мақалалардың авторлары Зияткерлік мектептердің, жалпы білім беретін және орта білім мазмұнының апробациясына қатысатын пилоттық мектептердің мұғалімдері, ПШО тренерлері, ДББҰ және филиалдарының қызметкерлері, педагогикалық кадрлардың дайындығын жүзеге асыратын отандық және шетел жоғарғы оқу орындарының өкілдері болып табылады.

Кесте. «Педагогикалық диалог» журналының авторларының санат бойынша саны

2016 жылы жарық көрген журнал нөмірі	№1	№2	№3	№4	Барлығы	
Авторлар санаты					Саны	%
НЗМ мұғалімдері	3	-	7	4	14	24,1
Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері	3	1	2	-	6	10,4
Орталық қызметкерлері	3	3	7	2	15	25,8
ҚР ЖОО-ның қызметкерлері	-	1	-	-	1	1,7
Шетелдік сарапшылар	2	2	4	4	12	20,7
ҚР білім беру ұйымдарының қызметкерлері	-	-	-	3	3	5,2
ДББҰ қызметкерлері	2	2	-	3	7	12,1
Барлығы:	13	9	20	16	58	100

4.4.2. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАМАЛЫ ӘДЕБИЕТ БАСЫЛЫМЫ

Мектеп педагогтары мен басшыларына үздіксіз әдістемелік қолдау көрсету мақсатында 2012 жылдан бастап әдістемелік және ақпараттық-талдамалы әдебиетті басып шығару бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. 2016 жылы **70 кітап** басып шығарылды.

Кесте. Баспа өнімі

№	Баспа өнімінің бағыттары	Кітап атауларының саны
Әдістемелік әдебиет		
1	Бағыттар бойынша әдістемелік құралдар:	60
	мұғалімге көмек ретінде	34
	басшыларға көмек ретінде	6
	жаңартылған білім беру мазмұны аясында	20
Ақпараттық-талдамалы әдебиет		
2	Мониторингілік зерттеулер	6
3	Эссе жинағы	4
	Барлығы:	70

Сондай-ақ жаңартылған білім беру мазмұны аясында төмендегі материалдар әзірленді:

- Біліктілікті арттыру курстарын аяқтаған мұғалімдерге ресурстық қолдау көрсетуге бағытталған, педагогтың зерттеу және рефлексия мәдениетін дамыту, оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын анықтау және қалыптастыру мәселелері бойынша **10 әдістемелік құрал мен әдістемелік нұсқаулық жасалды;**
- ДББҰ әзірлеген жаңартылған оқу жоспарлары мен жаңа буын оқулықтары бойынша жыл бойы жұмыс істеу нәтижесінде жинақталған тәжірибені тарату үшін пилоттық мектеп мұғалімдерінің сабақ жоспарларынан **10 жинақ әзірленді;**

2016 жылы ПШО Әдістемелік кітапханасында **әдістемелік ресурс саны 204-ке** жетті.



Кесте. ПШО әдістемелік ресурстары

№	Бағыттар	2012	2013	2014	2015	2016	Всего:
Әдістемелік құралдар							
1	Халықаралық тәжірибе	-	2	9	5	-	16
2	Мұғалімге көмек ретінде	2	4	24	35	34	99
3	Басшыларға көмек ретінде	-	-	-	2	6	8
4	Педагогикалық кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарымен жұмыс	-	-	-	4	-	4
5	Жинақтар (практикалық зерттемелер)	-	-	5	2	-	7
6	Жаңартылған орта білім мазмұны аясында	-	-	-	-	20	20
Ақпараттық-талдамалы жинақтар							
7	Мониторингілік зерттеулер	4	7	8	9	6	34
8	Эссе жинағы	2	1	5	4	4	16
Барлығы:		8	14	51	61	70	204

2016 жылы ПШО басылымдары Мәскеу халықаралық кітап көрмесінде жоғары бағаға ие болды (ХШЖК, Мәскеу, 7-11 қыркүйек 2016 ж.), «Халықаралық кітап көрме-жәрмеңкенің қатысушысы» Алтын медалі мен көрме қатысушысы дипломының иегері атанды.



5-ТАРАУ.

ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ
БІЛІКТІЛІГІН ДАМУ ЖӘНЕ АРТТЫРУ





5-ТАРАУ. ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ДАМУЫ ЖӘНЕ АРТТЫРУ

5.1. ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ

2016 жылы ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы республиканың орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша 21 білім беру бағдарламасын, оның ішінде 17 пәндік бағдарламасын әзірледі (1-қосымша).

Бұл бағдарламалар пәндер бойынша жаңартылған білім мазмұны және критериалды бағалау жүйесін енгізу аясында мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру мақсатында әзірленді. Бағдарламалар төмендегілерге бағытталған:

- ▶ мұғалімдерді пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, мазмұнымен, бірізділігімен, мақсаттары мен міндеттерімен таныстыру;
- ▶ мұғалімдерді пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдемелер мен оқу материалдарын түсіне және қолдана алу жағынан қамтамасыз ету, сонымен қатар пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін қолдану.

5.2. ОРТА БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ШЕҢБЕРІНДЕ ТРЕНЕРЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ

Есепті жыл ішінде **701 тренер** бастауыш және негізгі мектептің педагогикалық кадрларының біліктілігін арттырудың 15 бағдарламасы бойынша, оның ішінде бастауыш мектеп бағдарламалары бойынша – 287 адамды, ал негізгі мектеп бағдарламалары бойынша – 414 адамды **даярлады** (2-қосымша).

Тренерлер жаңартылған білім беру мазмұны аясында бастауыш және негізгі мектеп мұғалімдерін сәйкес бағдарламалар бойынша оқыту үшін даярланған. Тренерлер біліктілікті арттырудың деңгейлік бағдарламаларының екінші (негізгі) және бірінші (ілгері) деңгейлерін тәмамдағаны туралы сертификаттары бар ПШО, «НЗМ» ДББҰ, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, «Өрлеу» БАҰО» АҚ жетекші қызметкерлері мен бірінші және жоғары санаттағы мұғалімдер қатарынан іріктеліп алынды,

ПШО-нда 2015-2016 жылдары Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде **1 469** тренер даярланды (2015 жылы – **768**, 2016 жылы – **701**).

Кесте. 2015-2016 жж. даярланған тренерлер саны

Білім беру ұйымының атауы	Даярланған тренерлер саны		
	Барлығы	2015 ж.	2016 ж.
ПШО және оның филиалдары	258	185	73
Назарбаев Зияткерлік мектептері	49	49	-
Ы. Алтынсарин атындағы ҰБӨ	19	19	-
«Өрлеу» БАҰО» АҚ және оның филиалдары	612	262	350
Басқа білім беру ұйымдары (соның ішінде жалпы білім беретін ұйымдар)	531	253	278
БАРЛЫҒЫ:	1469	768	701

Қазақстандық мектептердің тәжірибесіне жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу мақсатында біліктілікті арттыру курстарын үш бағдарлама бойынша қосымша **230 тренер** тәмамдады:

- ▶ Орта білімнің мазмұнын жаңарту аясында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының басшылары мен басшы орынбасарларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы (**50 адам**);
- ▶ Орта білімнің мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалауды енгізу бойынша аймақтық үйлестірушілердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы (**100 адам**);
- ▶ «Робот техникасы» таңдаулы курсы бойынша Қазақстан Республикасының педагогикалық кадрлар біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы (**80 адам**).

Сондай-ақ ҚР БҒМ орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру **курстарын жүзеге асыру бойынша авторлық бақылауды** ДББҰ-на тапсырды. Тапсырманы орындау мақсатында ПШО және оның филиалдары¹ қызметкерлері қатарынан аймақтар бойынша кураторлар тағайындалды. Олар 2016 жылдың мамыр және тамыз айларының аралығында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдарының курстары өткен республиканың 74 мектебін аралады. Білім беру бағдарламаларын жөнсіз қолданылған жағдайлар анықталған жоқ.

2016 жылы педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындар мен гуманитарлық колледждердің бітіруші курс студенттерінің Қосымша кәсіби білім бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, ЖОО

ПОҚ және колледж оқытушылары қатарынан **498 тренер**, оның ішінде **248** – республиканың **19 ЖОО-ның** ПОҚ қатарынан және **250** – оқытушылар қатарынан **25 мемлекеттік гуманитарлық (педагогикалық) колледждер** қатарынан даярланды (3,4-қосымшалар).

Бастауыш мектеп пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагог кадрларды даярлайтын **18 ЖОО ПОҚ** қатарынан **36 тренер** даярланды. Даярлықты тәмамдаған тренерлер ЖОО-ның және гуманитарлық колледждердің бітіруші курс студенттеріне мектепте сабақ берудің жаңа тәсілдемелері мен технологияларын үйретеді.

5.3. ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

5.3.1. БАСШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

2016 жылы Басшылардың біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша **1 396 адам**, оның ішінде курсты 2015 жылы бастаған 935 адам аяқтады.

Есепті жылы **1 000** басшы, оның ішінде 2015 жылы оқуды аяқтамаған **5** басшы курсты бастады.

Зияткерлік мектептер басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша **17 мектеп директоры курстан өтті**.

¹ 2016 жылғы 15 сәуірдегі №79/ОД ПШО бұйрығы.




Кесте. 2014-2016 жж. ішінде Басшылар бағдарламасы бойынша білім алғандардың жалпы саны

Тыңдаушылар санаты	Барлығы	2014	2015	2016	2017 ж. арналған жоспар
Жалпы білім беретін ұйымдардың басшылары	2 639	583	660	1 396	1 000
НЗМ басшылары	17	-	-	17	20
Барлығы:	2 656	583	660	1 413	1 020

Берілген бағдарламаны жүзеге асыру аясында формативті бағалау жүргізілді. Формативті бағалау үдерісі кезінде тренерлер **1 121 сабаққа, 382 коучингке, 209 шеберлік сыныбына қатысты, мұғалімдермен 836 сұхбат, оқушылармен 1518 сұхбат, ата-**

аналармен 808 сұхбат жүргізілді. Олар мектеп мәдениетіндегі, мұғалімдердің қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы арасындағы өзгерістерді бағалауға, сондай-ақ мектеп тәжірибесіндегі өзгерістерге деген қызығушылықты бағалауға мүмкіндік алды.

Диаграмма. Формативті бағалау кезінде қатысқан сабақтардың, коучингтердің, шеберлік сыныптарының саны



5.3.2. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ


Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламалары бойынша 2016 жылы мынадай курстар өткізілді: «Жас Ұлан» республикалық әскери мектептерінің, мемлекеттік жалпыға бірдей білім беретін және Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін «Тиімді оқыту мен оқу», «Мұғалімнің мектептегі көшбасшылығы», «Мұғалімнің педагогикалық қауымдастықтағы көшбасшылығы».

Барлығы 6 196 мұғалім оқуды аяқтады, оның ішінде мына бағдарламалар бойынша:

- ▶ «Тиімді оқыту мен оқу» - **1 781**;
- ▶ «Мұғалімнің мектептегі көшбасшылығы» - **1 420**;
- ▶ «Мұғалімнің педагогикалық қауымдастықтағы көшбасшылығы» - **2 995**.

Оқуды тәмамдағандардың жалпы санынан:

- ▶ **мемлекеттік жалпыға бірдей білім беретін** 5088 мектеп мұғалімі («Тиімді оқыту мен оқу» - 995 мұғалім; «Мұғалімнің мектептегі көшбасшылығы» - 1 193 мұғалім; «Мұғалімнің педагогикалық қауымдастықтағы көшбасшылығы» - 2 900 мұғалім);
- ▶ Астана, Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларының «Жас Ұлан» республикалық әскери мектептерінің **83 мұғалімі** («Тиімді оқыту мен оқу»);
- ▶ Зияткерлік мектептердің **1 025 мұғалімі** («Тиімді оқыту мен оқу» - 703 мұғалім; «Мұғалімнің мектептегі көшбасшылығы» - 227 мұғалім; «Мұғалімнің педагогикалық қауымдастықтағы көшбасшылығы» - 95 мұғалім).



2012 және 2016 жылдар аралығында ПШО мен оның филиалдарында деңгейлік және білім беру бағдарламалары бойынша **жалпы білім беретін мектептердің 22 583 мұғалімі** даярлықтан өтті.

Кесте. 2012-2016 жж. ішінде деңгейлік және білім беру бағдарламалары бойынша білім алған мұғалімдер саны

Білім беру ұйымының атауы	Бағдарлама деңгейінің атауы	Оқуды аяқтаған мұғалімдер саны					
		барлығы	оның ішінде				
			2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Педагогикалық шеберлік орталығы	Үшінші (негізгі)/ «Тиімді оқыту мен оқу»	6 934	1 053	1 147	1 004	1 949	1 781
	Екінші (негізгі)/ «Мұғалімнің мектептегі көшбасшылы»	3 589	-	997	999	173	1 420
	Бірінші (ілгері)/ «Мұғалімнің педагогикалық қауымдастықтағы көшбасшылығы»	12 060	-	3 093	3 101	2 871	2 995
	Барлығы:	22 583	1 053	5 237	5 104	4 993	6 196

2013 және 2016 жылдар аралығында деңгейлік және білім беру бағдарламалары бойынша **Зияткерлік мектептердің 2 491** педагогы оқуды аяқтады.

Кесте. 2013-2016 жж. аралығында деңгейлік және білім беру бағдарламалары бойынша білім алған мұғалімдер саны

Білім беру ұйымының атауы	Бағдарлама деңгейі/атауы	Оқытылған адамдар саны				
		барлығы	оның ішінде			
			2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Педагогикалық шеберлік орталығы	Үшінші (негізгі)/ «Тиімді оқыту мен оқу»	1 926	223	-	1 000	703
	Екінші (негізгі)/ «Мұғалімнің мектептегі көшбасшылығы»	382	-	-	155	227
	Бірінші (ілгері)/ «Мұғалімнің педагогикалық қауымдастықтағы көшбасшылығы»	183	-	-	88	95
Барлығы:		2 491	223	-	1 243	1 025



Республиканың орта білім беру мазмұнын жағарту аясында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламалары

Орта білім беру мазмұнын жағарту аясында 30 135 педагог, атап айтқанда:

- ▶ **14 874 мұғалім**, оның ішінде:
 - 4 288 - бастауыш мектеп мұғалімі;
 - 2 737 - қазақ тілі мұғалімі;
 - 3 143 - ағылшын тілі мұғалімі;
 - 3 319 - бейнелеу өнері мұғалімі;
 - 1 387 - дене шынықтыру мұғалімі;
- ▶ **15 261 педагогикалық қызметкер**, оның ішінде:
 - 3 596 басшы;
 - 3 596 басшының орынбасарлары;
 - облыстық, Алматы, Астана қалаларының білім басқармаларының, аудандық (қалалық) білім беру бөлімінің және әдістемелік кабинеттің 877 әдіскері мен маманы;
 - критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша 7 192 аймақтық және мектеп координаторлары оқытылды.

Республика мектептері білім беру бағдарламалары бойынша жаңартылған білім беру мазмұнын тиімді енгізуге жәрдемдесу мақсатында:

- ▶ **«Робот техникасы»** бойынша жалпы білім беретін мектептердің 2999 информатика пәні мұғалімі оқытылды,
- ▶ **«Тиімді оқыту мен оқудың негізгі идеялары»** бойынша ДББҰ құрылымдық бөлімшелерінің 38 қызметкері оқытылды.

ҚР БҒМ-нің 2016 жылдың 30 наурызындағы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуы үшін сенбі күндерін қолдану тапсырмасы бойынша мұғалімдердің кәсіби даму үлгісі әзірленді. Ондағы басты аспект мектеп тренерлерінің «тең-теңіне» қағидаты бойынша педагогикалық ұжымды мектеп ішінде оқыту болып табылады. **«Тәжірибедегі рефлексия»** бойынша жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық

кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша 8 737 мектеп тренері, мектептегі мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау үшін **8 737 мектеп** тренері даярланды.

5.4. КУРСТЫҚ ОҚЫТУ САПАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру сапасын басқару және олардың идеяларын қазақстандық білім берудің мектептің тәжірибесіне біріктіру төмендегілерге негізделеді:

1. нысаналы аудиторияға алдын ала диагностика жүргізу;
2. курстық оқыту және оқу сапасына мониторинг жасау;
3. ПШО білім беру бағдарламалары бойынша даярланған сертификаттары бар педагогикалық кадрлардың курстан кейінгі жұмысының тиімділігіне мониторинг жүргізу.

2016 жылы мониторингтік зерттеумен **85 472 жауап беруші** қамтылды:

924 - басшы, Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен қызметкерлері;

728 - облыстық басқарма, аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің өкілдері;

54 095 - мемлекеттік жалпыға білім беретін ұйымдардың (толық жинақты және шағын жинақты мектеп) басшылары мен мұғалімдері;

26 124 - оқушылардың ата-аналары;

3 523 - ЖОО ПОҚ өкілдері, гуманитарлық колледждердің оқытушылары, ЖОО және колледждердің бітіруші курс студенттері;

78 - ПШО тренерлік құрамы.

1) 45 997 респондент АЛДЫН АЛА ТЕКСЕРІСТЕН өтті. Ол екі бағыт бойынша жүргізілді:

а) **Шағын жинақты мектептердің (бұдан әрі - ШЖМ) кәсіби проблемалары мен қажеттіліктерін анықтау.**

Респондент ретінде облыстық басқарма, аудандық, қалалық білім беру бөлімдері, ШЖМ басшылары, ата-аналары мен оқушылары қатысты. Сауалнама қорытындылары бойынша жауап берушілердің ШЖМ жағдайындағы едәуір қажетті тәсілдері мен технологияларын тәжірибелік тұрғыдан қолдану дағдыларын игерудегі қажеттіліктері анықталды.

Алдын ала тексеріс нәтижелері болашақта ШЖМ басшыларын даярлау білім беру бағдарламаларының тұжырымдамалық негіздерін, мақсаттарын, міндеттері мен күтілетін нәтижелерін жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері «Мониторингтік зерттеулер» топтамасының 25-кітабында, сонымен қатар аталған басылымның келесі қосымшаларында жарияланды:

1) ШЖМ бойынша статистикалық деректер:

I кітап. Жалпы мәлімет.


II кітап. Педагог кадрлар.

III кітап. Материалдық-техникалық база.

2) Мемлекет аймақтары бойынша ШЖМ статистикалық деректері (14 басылым).

3) ШЖМ қажеттіліктері мен кәсіби мәселелері (жалпы талдау).

б) Зияткерлік мектептер педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби мәселелері мен қажеттіліктері.



Алдын ала жүргізілген диагностика нәтижелерінің негізінде біліктілікті арттыру курстары мен әдістемелік семинарлар бойынша ең қажетті тақырыптық бағыттар анықталды:

- ▶ Орта білім жүйесіндегі білім беру бағдарламаларын әзірлеудің халықаралық тәжірибесі;
- ▶ Деңгейлік бағдарламалардың әдістемелік негіздері (конструктивтік ұстанымның, «ағым» теориясының және т.б. болмысы);
- ▶ Оқытудың пәндік-әдістемелік аспектілері (оқу мақсаттары мен оларға жету нәтижелерін бағалау критерийлері; оқытудағы жоспарлау, тиімді әдістер, технологиялар мен ұстанымдар, оқытудың жемістігін қадағалау және т.б.);
- ▶ Дарынды оқушылармен жұмыс жасаудың әдістемелік негіздері мен өзгешелігі.

2) Деңгейлік бағдарламалар мен жалпы білім беретін ұйымдар жетекшілерінің бағдарламасы бойынша оқыту үрдісінің аясында **36 450 респонденттің қатысуымен КУРСТЫҚ МОНИТОРИНГІЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР өткізілді.**

Курстық мониторинг бойынша зерттеулердің мақсаттары:

- ▶ бағдарламалардың өзектілігін және тәжірибелік маңыздылығын бағалау;
- ▶ тыңдаушылардың кәсіби өзгеріс үрдісі («кіру» және «шығу» диагностикасы);
- ▶ ПШО тренерлерінің жұмыс сапасын бағалау.


«Оқудан кейін өзіңіздің сабақ беру тәжірибеңізде нені өзгерткіңіз келеді?» сұрағына жауап берушілердің барлығы өздерінің кәсіби қажеттіліктері мен үміттерінің қанағаттандырылғандығын білдірді.



«Оқудан кейін өзіңіздің сабақ беру тәжірибеңізде нені өзгерткіңіз келеді?» сұрағына жауап берген жауап берушілердің барлығы орта білім беру мазмұнын жаңарту бойынша жұмысқа

дайындықтарын және біліктілікті арттыру курстарында алған ақпарат оларға өздерінің сабақ беру тәжірибесін қайта қарастыруға деген әрекетте ынталандырушы болатынын білдірді.

Диаграмма. «Оқудан кейін өзіңіздің сабақ беру тәжірибеңізде нені өзгерткіңіз келеді?» сұрағына жауап:



Мұғалімдердің басым көпшілігінің пікірлеріне сәйкес бағдарламалар бойынша оқыту:

- ▶ олардың әдістемелік қорын жаңа құзыреттіліктермен толықтырды;
- ▶ оқушылармен жұмыс жасаудың тиімді әдістерімен таныстырды;
- ▶ ұсынылған оқыту тәсілдері мен оқу технологияларын және орта мерзімді жоспарлау апробациядан өтуге және жаңа мазмұнды ұғынуға септігін тигізді;
- ▶ іс-әрекеттердің мотивациялық аспектілеріне оңтайлы әсер етті; мамандыққа деген қызығушылықты арттырды, оқыту мазмұны мен оқушылармен қарым-қатынас қағидаттарын өзгертті.

Сауалнамаға жауап берушілердің бастапқыда және соңында берген нәтижелерін салыстыру келесілерге дәйек болады:

- ▶ - ойлау стилінің трансформациясы, кәсіби басымдылық ауқымының, білім беру философиясына деген көзқарастың кеңеюі, оқушылар мен жұмыстағы әріптестермен қарым-қатынас стилі мен табиғатының өзгеруі;
- ▶ - өзінің сабақ беру тәжірибесін зерттеу бойынша білім мен дағдыларды игеру, желілік кәсіби қауымдастық, инклюзивті сабақ беру, критериалды бағалау жағдайында жұмыс істеу, жеке тәжірибе мен жұмыстағы әріптестердің тәжірибесі бойынша рефлексия жасау;
- ▶ - көшбасшылық бағдар ұстау, сабақ берудің жаңа стилі; өз бетінше білім алу, өз бетінше өрістеу, өзін-өзі бағалау маңыздылығын қайта пайымдау;
- ▶ - сабақ беру тәжірибесінде ақпараттық-коммуникациялық технорлогияларды меңгеру дағдыларын жетілдіру.

Басшыларға арналған бағдарлама бойынша жүргізілген курстық мониторингтік зерттеулердің нәтижелері бойынша мектеп басшыларының барлығы дерлік бағдарламаның келесі мәселелер бойынша жаңалығы мен өзектілігін, білік пен дағдыны қалыптастырудағы оң әсерін жоғары бағалады:

- ▶ замануи басқарушының жұмысына жаңа қырынан қарау;
- ▶ мектепті дамытуды стратегиялық жоспарлау;
- ▶ оқытушы ұжымның кәсіби даму жолын әзірлеу;
- ▶ кәсіби қоғамдастық желісінің тиімді жұмыс жасауын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- ▶ мектепте көшбасшылықты енгізу;
- ▶ оқытушы ұжым әлеуетін ұтымды қолдану;
- ▶ уақытты тиімді ұйымдастыру (тайм-менеджмент);
- ▶ оқушылардың ата-аналарымен және қоғаммен қарым-қатынас жасау;
- ▶ мектеп мұғалімдеріне арналған коучинг (нақты бір мақсатқа жету бойынша көмек көрсету) және менторинг (жалпы өзін-өзі дамыту бойынша көмек көрсету) түрлерін жүзеге асыру.

3) КУРСТАН КЕЙІНГІ ОҚЫТУШЫЛАР ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУ

Курстан кейінгі бақылау жоғарғы оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне арналған қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы шеңберінде жүргізілді.

Респонденттер ретінде жоғары оқу орнын тәмамдап, 2015-2016 оқу жылының қыркүйек айынан бастап мектепте жұмысқа кіріскен **18 ЖОО-ның 3 025 түлегі** шықты.

Сауалнамаға қатысқан жоғары оқу орындары түлектерінің айтуынша, ПШО бағдарламасы бойынша оқудың арқасында жұмыс барысында туындайтын оқу жұмысын жоспарлау; оқытудағы әдістер мен тәсілдемелер; балалармен жұмыс жасау; оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынас мәселелерін шешу айтарлықтай жеңілдеген.

5.5. ПЕДАГОГ КАДРЛАРҒА КУРСТАН КЕЙІН ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

МЖМБББС АПРОБАЦИЯЛАУ АЯСЫНДАҒЫ 30 ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕПKE КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Жаңартылған білім беру мазмұнын жоғары деңгейде апробациялау және пилоттық мектеп педагогтарына консультациялық қолдау көрсету мақсатында ПШО **33 тәлімгер-тренерді тағайындады.**

Тәлімгер-тренерлер пилоттық мектептердің ұжым мүшелеріне әдістемелік қолдау көрсетті: сабақтарды бақылау, оқыту іс-шаралардың мұғалімдері мен үйлестірушілерімен онлайн және офлайн түрде кәсіптік сұхбат (кеңестер, семинарлар, шеберлік сыныптары, вебинарлар) өткізу:

- ▶ жан-жақты талдау мен мұғалімдерге қолдау көрсету мақсатында бірінші сыныптарда 937 сабаққа қатысты;
- ▶ мектептің жобалық үйлестірушілерімен бірге 285 кәсіптік әңгіме жүргізілді;
- ▶ мұғалімдермен 854 кәсіби әңгіме жүргізілді;
- ▶ мектеп мұғалімдеріне 298 оқу іс-шарасы ұйымдастырылды;
- ▶ пәндер бойынша 388 бірлескен сабақ жоспарлауы өткізілді.

АУДАНДАРДЫҢ ЖЕТЕКШІ МЕКТЕПТЕРІ АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ КУРСТАН КЕЙІН ҚОЛДАУ

ҚР БfМ-нің 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 02-2/678 хатына сәйкес облыстық білім беру басқармасы мектептердің сертификатталған мұғалімдерімен тиімді қарым-қатынасты жүргізу үшін еліміздің **689 жетекші мектебі** анықтады. ПШО тренерлері жетекші мектептердің педагогикалық кадрларына курстан кейінгі қолдауды келесі бағыттар бойынша көрсетіп келеді:

- ▶ Жетекші мектептердің үйлестірушілеріне, мектеп тренерлері мен басшылығына кеңес беру арқылы қолдау көрсету;




- ▶ мұғалімдердің сабақ беру тәжірибесін жетілдіру мақсатында сабақтарды бақылау;
- ▶ тренерлердің оқу шараларын өткізуі;
- ▶ орта білім беру мазмұнын жаңарту идеяларын бөлісу бойынша өңірлік мектеп мұғалімдерінің тәжірибесін тарату бойынша шаралар өткізу;
- ▶ облыстық және қалалық білім беру басқармаларымен өткізілетін шараларға қатысу.

Орталықтың тренерлері және оның филиалдарымен біріге отырып, аймақтан келген мұғалімдердің тәжірибесін тарату бойынша **жетекші мектептерде 192 іс-шара** ұйымдастырылды.

2016 жыл ішінде ПШО және оның филиалдарының тренерлері 838 жалпы білім беретін мектепке іс-сапармен барып, **1 063 бақылау сабағы мен 806 оқыту іс-шарасын** өткізді.

Диаграмма. Педагог кадрларға жетекші мектептер арқылы курстан кейінгі қолдау көрсету шеңберіндегі қызмет



Есеп беру кезеңінде тренерлердің жетекші мектептерде жұмысты ұйымдастыру арқылы курстан кейінгі қолдау көрсету жұмысы 2015 жылға қарағанда айтарлықтай жандандырылды. Осылай, жетекші мектеп қызметкерлерді ПШО мен оның филиалдары тренерлерімен бірігіп тәжірибені тарату бойынша аймақ мұғалімдеріне арнап 192 іс-шара өткізді.

Педагог қызметкерлердің республикалық Тамыз кеңесі секцияларында **ПШО тренерлері орта білім мазмұнын жаңарту мәселелері бойынша 96 баяндама жасады.**

2016 жылдың сәуір-мамыр айларында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді енгізу шеңберінде үздік педагогикалық тәжірибені жалпылау мен тарату, педагогикалық шеберлікті дамытуға қолдау көрсету мақсатында ПШО облыстық және қалалық Білім беру басқармаларымен бірлесе отырып, Астана қаласында жалпы білім беретін мектептердің **400-ден астам мұғалімдерінің** қатысуымен «Үздік конструктивтік сабақ» өткізді.

Сонымен қатар, **курстан кейінгі қолдау шеңберінде** ПШО филиалдары деңгейлік/білім беру бағдарламалары бойынша оқытудан өткен педагог **кадрларды дайындаумен айналысатын колледждер мен жоғарғы оқу орындарының** оқытушы-профессорлар құрамы қатарынан тренерлерге әдістемелік және консультациялық қолдау көрсетті. 4 семинар, 8 дөңгелек үстел, 1 конференция, 2 коучинг, 4 бірлескен зерттеу жобасы, 6 тренинг өткізілді.

МЕМОРАНДУМ АЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАРДЛАРЫН КУРСТАН КЕЙІН ҚОЛДАУ

Астана қаласының Білім беру басқармасы мен ДББҰ арасында №76 мектеп-гимназиясының білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізу туралы Ынтымақтастық шарты шеңберінде:

- ▶ жалпы білім беретін мектептердің басқарушылары мен басшылардың орынбасарларына арналған біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша 3 басшы оқытылды;
- ▶ 33 мұғалімге арналған «Тиімді сабақ жоспарын әзірлеудің заманауи әдістері» тақырыбында оқу семинары ұйымдастырылды;
- ▶ оқытушы ұжымына (98 респондент) сауалдар қойылды, сол арқылы мектеп ұжымының одан әрі кәсіби дамуының қажеттіліктері анықталды.

Ақмола облысының Білім басқармасы

мен ДББҰ арасындағы Ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде ШЖМ директорларына арналған «Қазақстан Республикасындағы орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу барысында мектептің дамуы» және ШЖМ-нің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Орта білім берудің жаңартылған мазмұн аясында оқытудың жаңа әдістерін ШЖМ-нде қолдану» атты тақырыпта семинарлар өткізілді.

Қызылорда облысының әкімдігі мен ДББҰ

арасындағы Ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде келесі іс-шаралар өткізілді:

- ▶ Инновациялық білім беру ұйымдары, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледждің оқытушылары қатысқан «Оқытушы кадрларды даярлау: XXI ғасырдың кәсіби дағдылары» атты облыстық конференция;
- ▶ Инновациялық мектептердің 22 коуч-жетекшісіне арналған «Жаңа бастамалар. Жаңа идеялар. Жаңа қадамдар» атты облыстық форум;
- ▶ Қызылорда облысы әкімінің, НЗМ ДББҰ Басқарма төрағасының, Білім беру басқармасы, аудандық және қалалық білім

беру бөлімдері өкілдерінің, ауданның жалпы білім беретін мектептерінің әдістемелік кабинет мамандары, басшылары мен мұғалімдерінің қатысуымен «Қызылорда облысының инновациялық мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу» тақырыбындағы дөңгелек үстел;

- ▶ Инновациялық мектеп тәжірибесінен алынған шеберлік сыныптары.

Облыстық әкімшіліктің ситуациялық орталығында Қызылорда облысы білім беру саласы қызметкерлерімен онлайн байланыс ұйымдастырылды. Диалог барысында келесі тәжірибелер бойынша нәтижелер талқыланды: үштілдікті енгізу; желілік қауымдастық аясында инновациялық және серіктес мектептермен жұмыс; мектепішілік курстарды өткізу; Зияткерлік мектептердің әлеуметтік жобаларын тәжірибеге енгізу; Қызылорда қаласының ПШО филиалымен ұйымдастырылған «Әдістемелік керуен» жұмысы.

- ▶ **Ұлттық қорғаныс университеті мен ДББҰ арасындағы** ынтымақтастық жөніндегі меморандум аясында курстан кейінгі қолдау көрсету мақсатында Астана, Қарағанды, Шымкент және Алматы қалаларының «Жас Ұлан» республикалық мектептерінің басшылары мен орынбасарларына «Заманауи мектептегі көшбасшылық пен басқару», «Тиімді сабақ» тақырыбында оқу семинарлары өткізілді.

5.6. ПЕДАГОГ КАДРЛАРҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖЕЛІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҒЫН ҚОЛДАУ

www.cpm.kz ПШО **білім беру порталында** (бұдан әрі – портал) біліктілікті арттыру курсы тыңдаушыларының желілік қоғамдастығын дамыту жұмысы жалғасуда.



Есеп беру кезеңінде порталдың «Біліктілікті арттыру бағдарламасы» бөлімінде оқу бағдарламалары үшін бөлек бөлімшелер жасалды:

- ▶ критериялды бағалау жүйесін енгізу бойынша аймақтық және мектеп үйлестірушілерінің біліктілігін арттыру курстарының бөлімшесі;
- ▶ «Робот техникасы» таңдау курсы бойынша педагогикалық кадр біліктілігін арттыру курстарының бөлімшесі;
- ▶ «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогикалық кадрлардың кәсіби даму бөлімшесі;
- ▶ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдар басшыларының біліктілігін арттыру курстарының бөлімшесі.

1993 педагогтар қауымдастығы құрылып, жұмыс істейді. Онда тренерлер пилоттық, жетекші және серіктес мектептердің педагогтарына жүйелі әдістемелік және кеңес беру көмегін береді. Порталда жұмыс істеу арқылы басшылар мен мұғалімдер онлайн және офлайн күйде тәжірибе алмасып, ынтымақтастық жасап, сұрақтарды талқылай отырып өздерінің педагогикалық шеберлік деңгейлерін арттырады.

Білім беру порталына тіркелген қолданушылардың жалпы саны – 89 100 адамды құрайды (ҚР педагогтарының жалпы санынан 23%).

Кесте. 2012 және 2016 жылдар аралығында порталды қолдану және оған тіркелу саны.


№	Есепті жыл	Тіркелген қолданушылар саны	Қатысу саны
1	2012	7 600	112 821
2	2013	21 643	212 780
3	2014	39 000	331 077
4	2015	61 600	591 105
5	2016	89 100	1 417 516

ПШО электронды әдістемелік жинақ сандықшасы жыл сайын толықтырылады. Қазіргі таңда онда пәндер бойынша құрылымдалған 1565 зерттеме орналастырылған. Электронды әдістемелік жинақ сандықшасының деректер қорына www.cpm.kz порталында тіркелген барлық педагогикалық қызметкерлер қол жеткізе алады.


ПШО порталы вебинарларды өткізу алаңына айналды, есепті кезеңде ПШО тренерлері тренерлік корпустар мен республика педагогтарына 44 вебинар өткізді.

«Оқы және бөліс!» атты бөлім жасалды. Ол мынадай бөлімшелерден тұрады: «Кітап қоймасы», «Дәрістік сынып», «Психологиялық практикум», «Шығармашылық алаң».

Сурет. «Оқы және бөліс!» сайтының бейнесі



Lesson Study (Сабақты зерттеу) тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асыру мақсатында оқыту және оқу сапасын жетілдіру үшін ПШО <http://lessonstudy.kz> сайтын жасады.



Сондай-ақ, біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларын тіркеу және бақылау үшін, ПШО бағдарламалары бойынша даярлықтан өткен тыңдаушыларды тіркеудің электронды жүйесі жұмыс жасайды: www.db.cpm.kz.

5.7. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ЖАРИЯЛАНЫМДАР

Орта білім беру және біліктілікті арттыру жүйелерін жетілдіру үдерістерін қамту мақсатында аймақтық және республикалық БАҚ-нда қазақ және орыс тілдерінде орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында біліктілікті арттыру курстарының жүзеге асырылуы жөнінде бірқатар мақалалар жарияланды.

Есепті кезеңде ПШО мен филиалдары қызметкерлерінің, біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының БАҚ-нда **105 мақаласы** жарық көрді, оның ішінде:

республикалық газеттер мен журналдарда – **9** мақала мен 1 телевизиялық сюжет;

аймақтық БАҚ-нда – **34** мақала мен 17 телевизиялық сюжет;

ғылыми журналдар мен конференцияларда – **44** мақала, оның ішінде 12-сі - «Педагогикалық диалог» журналында. Тыңдаушылардың біліктілікті арттыру курстары бойынша ойлары мен пікірлері республикалық және облыстық деңгейдегі **60-тан астам басылымда** жарық көрді, атап айтқанда: «Білімді ел – Образованная страна», «Казахстанская правда», «Иновация және мемлекеттік қызмет»; облыстық және қалалық газеттер: «Маңғыстау әдіскері», «Маңғыстау мұғалімі», «Ақтөбе ұстазы», «Вестник Актобе», «Шарайна», «Орталық Қазақстан», «Арқа Ажары», «Ұстаз үні», «Ақмешіт», «Сыр мектебі», «Аққу үні», «Білім шапағаты», «Жетісу», «Алатау», «Болашақ», «Қазақстан жолы», «Приуралье», «Южный Казахстан», сонымен қатар электронды медиа.

Басылымдарды талдау нәтижесінде, тыңдаушылар орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы біліктілікті арттыру курстарының мазмұны мен форматы жайында жалпы алғанда оң пікірлерін білдірген.

6-ТАРАУ.

БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНЕ ҚОСЫМША
ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ





6-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНЕ ҚОСЫМША ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

6.1. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Зияткерлік мектептерде оқу үдерісімен тығыз байланысты және «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идея құндылықтарымен сәйкес келетін тәрбие жұмысының бірыңғай кешенді жүйесі жұмыс жасайды.

Есеп беру кезеңінде тәжірибені тарату аясында **өзірленіп, ҚР БҒМ-не өткізілгендер:**

- ▶ Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары;
- ▶ Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының негізгі тәсілдері;
- ▶ Мектептерде тәлімгерлік қызмет ұйымдастыру бойынша ұсыныстар;
- ▶ «Туған елге тағзым» атты зерттеу және өлкетану саяхатының бағыттары;
- ▶ «Шаңырақ» мектеп қоғамын ұйымдастыру бойынша кеңестер;
- ▶ Тәжірибелік нұсқаулық: Зияткерлік мектептерде «Мәңгілік ел» идеясын іске асыру»;
- ▶ Іс-әрекеттің бағыттарын жүзеге асыру бойынша тәжірибелік нұсқаулық: «Зияткерлік мектептердегі кәсіптік бағдар жұмысы: тұжырымдар, қағидаттар, ұсыныстар»;
- ▶ Белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру бойынша тәжірибелік нұсқаулық: «Қоғамқа қызмет ету» бағдарламасын іске асыруда Зияткерлік мектептер тәжірибесі»;
- ▶ «Зияткерлік мектептер оқушыларына оқуға ұсынылған 100 кітап» жобасына қатысты кітаптар тізімі;
- ▶ Зияткерлік мектептердің тәрбиелік жұмыс тәжірибесін РФММ-не таратуға ұсынылған әлеуметтік жобалар мен тәжірибелердің сипаттамасы.

Есепті кезең барысында ДББҰ қызметкерлері Зияткерлік мектептердің тәрбиелік жұмысын тарату бойынша семинарлар мен тренингтер өткізді. Сонымен қатар қызметкерлер мемлекеттік органдар ұйымдастырған және өткізген отырыстар мен дөңгелек үстелдерде баяндама жасады.

- ▶ Астана және Шымкент қалаларындағы Зияткерлік мектептерде Білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жалпы білім беретін мектептердің педагог қызметкерлеріне «Шаңырақ» мектеп қоғамдастығының жұмысы жайында республикалық семинарлар ұйымдастырылды.

«Шаңырақ» қоғамдастығының басты идеясы – әр түрлі тілде оқитын әр түрлі жастағы оқушылар арасында позитивтік және серіктестік қарым-қатынас қалыптастыру, үлкендердің кішілерге деген қамқоршылығы. Мектепте оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасында бірлігі жарасқан, ұйымшыл қоғамдастық қалыптастыруға ықпалдасады, шығармашыл ойлауға, өзара сыйластық пен жанашырлық, командалық рух, сонымен қатар, спорт және бос уақыттарын бірге өткізу іс-шараларын өткізеді.

- ▶ **2016 жылдың сәуір айында** «Зияткерлік мектептердің оқу үдерісіне «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу ерекшеліктері» тақырыбы бойынша семинар өтті. Оған Астана қаласының жалпы білім беретін 115 мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарлары, пилоттық мектептер мен Астана қаласы ФМБ Зияткерлік мектеп негізіндегі Ұлттық қорғаныс университеті қызметкерлері қатысты.

- Есепті жылдың **мамыр айында** - оқу семинарлары «Әлеуметтік жобалар мен тәжірибелерді ұйымдастыру ерекшеліктері: қазақстандық патриотизмнің құрылуы мен қоғамға қызмет ету» ОҚО **178** жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасарлары, 30 пилоттық мектеп пен ҰҚУ педагогтары, Шымкент қаласының екі Зияткерлік мектебі негізіндегі «Жас Ұлан» республикалық мектептері үшін ұйымдастырылды.
- 2016 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында 20 Зияткерлік мектеп қызметкерлері **36** білім беру ұйымына тәрбие жұмысы бойынша **71 семинар-тренинг, практикум-коучинг** өткізді. **3 158** пән мұғалімі, сынып жетекшілері, тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарлары, жалпы білім беретін мектептердің 190 оқушысы, 243 ата-ана қамтылды.



6.2. ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖӘНЕ ТАҢДАЛМАЛЫ КУРСТАР

Оқушылардың бойында зерттеу дағдыларын дамыту, оларды жаратылыстану ғылымдар салаларына тарту, Зияткерлік мектептер тәжірибесін тарату аясында білімдерін тереңдету мақсатында жалпы білім беретін және Зияткерлік мектептердің **160 оқушысына "Наурыз кездесулері"** өткізілді.

Жалпы білім беретін мектептердің **407 оқушысы үшін 3 бағдарлама бойынша курстар** ұйымдастырылды: «Шегі жоқ ғылым», «Робот техникасы», «Ағылшын тілі». Курстардың мазмұны алға қойылған міндеттерді шығармашылық түрде шешуге ықпалдасты.

Жалпы білім беретін мектептердің **18 оқушысы** үшін пән бойынша білімді тереңдету, оларды өмірде практикалық тұрғыдан қолдана білу, зерттеу дағдыларын және жобалық жұмысты дамыту мақсатында **таңдамалы курстар ұйымдастырылды**. Алғаш рет таңдамалы курстар АҚШ-тың Стэнфорд Университеті мен Кремний алабы оқытушыларымен жүргізілді.

«Жасампаз жазылым» курсында **оқушылар** хат, эссе, әдеби туындыларды жазу техникасын үйренді, сыни оқылым мен жазылым дағдыларын дамыту үшін әр түрлі тәсілдерді зерттеді.

«Game Design» курсында қатысушылар бағдарламалаудың негізгі ұғымдарымен, Arduino, Processing және Twine құралдары мен технологияларын қолдану арқылы бейне ойындарды жасау дизайны және тәсілімен танысты.

Кәсіпкерлік курсында балалар кәсіпкерліктің негіздерімен және компанияны құру мен басқарудың негізгі қағидаларымен танысып өтті.

1 010 оқушыға 4 бағдарлама бойынша жазғы мектептер ұйымдастырылды: «Инженерия», «Сабын дизайны мен өндірісі», «Топырақ және оның ерекше қасиеттері», «Биотехнология және биоинженерия».

Сондай-ақ жалпы білім беретін мектеп оқушыларының бойында шахматты ойнаудың практикалық дағдаларын дамыту, күрделі логикалық есептерді шығару, мінездің еріктік реттеу дағдыларын тәрбиелеу мақсатында **халықтың әлеуметтік осал топтарынан 50 жас шахматшылары үшін** Қазақстан шахмат федерациясы мен академик Шахмардан Есенов



атындағы ғылыми-білім беру қорының демеушілік қаражаты есебінен «Шахмат планетасы» атты жазғы мектеп ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлау қарсаңында – 2016 жылдың 12 желтоқсанында барлық Зияткерлік мектептерде Ашық есік күні өтті. Зияткерлік мектептер жалпы білім беретін мектептердің 4 000-нан астам оқушысын қабылдады.



["http://24.kz/ru/news/obrazovanie-i-nauka/item/152952-v-nazarbaev-intellektualnykh-shkolakh-strany-proshel-den-otkrytykh-dverej](http://24.kz/ru/news/obrazovanie-i-nauka/item/152952-v-nazarbaev-intellektualnykh-shkolakh-strany-proshel-den-otkrytykh-dverej)



Қонақтар сабақтарға қатысты, химия, биология және физика оқу зертханаларында эксперименттер мен ғылыми тәжірибелерді өткізу кезінде қатысуға мүмкіндік алды, интерактивті викториналар, флеш-мобтар, концерттер және мектептер мен жергілікті қоғамдастықты жақындастыруға бағытталған тағы да басқа қызықты іс-шаралар ұйымдастырылды.

Зияткерлік мектептер жалпы білім беретін мектеп кітапханаларына **4 мыңнан астам кітап** сыйлады.



Қараша айында Зияткерлік мектептерде **қайырымдылық көрмелер мен жәрмеңкелер** өтті, өз қолдарымен жасаған бұйымдар мен тағамдар сатылды. Осы іс-шаралардың нәтижесінде жиналған қаражатты Зияткерлік мектептердің оқушылары әр түрлі аймақтардың көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан құрдастарына Астана қаласындағы Зияткерлік мектепте өтетін жазғы лагерьдің EXPO-2017 көрмесіне барып қайту мүмкіндігі бар 5 күндік оқу курсына қатысу үшін сыйлады. Мұндай мүмкіндікке жалпы білім беретін мектептердің 100 оқушысы ие болды.

6.3. КІТАПХАНАЛАР

Кәсіби тәжірибесімен бөлісу мақсатында Зияткерлік мектептердің педагог-кітапханашылары жалпы білім беретін мектептердің кітапханашыларына жыл бойы оқу семинарларын өткізіп, әдістемелік көмек көрсетеді.

Зияткерлік мектептерде 2016 жылы **1 638** адам қатысқан **104** семинар өткізілді.

Семинар барысында мектеп кітапханашылары Зияткерлік мектеп кітапханаларына сәтті енгізіліп, тәжірибеден өтіп жатқан жұмыстың негізгі бағыттарымен және кітап оқу мәдениетін, ақпараттық және функционалды сауаттылықты, зерттеу жұмысын дамытудың жаңа тәсілдерімен танысты.



Тәжірибені тарату нәтижесінде жалпы білім беретін мектептердің кітапханашылары түрлі жұмыстар жүргізді:

- ▶ кітапхана дизайны мен аймақтарын өзгертті (Шымкент, Алматы қалаларындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі, Алматы қаласындағы №15 мектеп-гимназия, Ақтөбе қаласындағы №9 мектеп-гимназия және басқалары);
- ▶ пилоттық мектептің көбінде, сондай-ақ кейбір жалпы білім беретін мектептерде кітап қорын еркін түрде қолдануға болатын ашық қор ұйымдастырылды;
- ▶ кітап оқуды дамытудың әдістері қолданылады: «Book Bingo», «Кітап атауын тап», «Кітап әлемді жаулауда», «Тәтті викторина», «Суретті аяқта», «Карточка визуализациясы», «Кітапты тап»;
- ▶ науқандар мен жобалар өткізілді: «1,2,3», «Reading time», READx, «100 кітап», «30 кітап», «50 кітап» (Кызылорда қ., Орал қ.);
- ▶ автоматтандырылған КАБИС кітапханалық жасақтамасы ішінара енгізілуде;
- ▶ оқырмандар клубы, отбасылық оқырмандар клубы ұйымдастырылды (Ақтөбедегі №9 мектеп-гимназиясы);
- ▶ мектеп кітапханалары кітапханаларды әлеуметтік желілерде дамыту бойынша жұмысты, Facebook және Вконтакте әлеуметтік желілерде кітапхана аккаунттарын тіркеуді меңгеріп жатыр, мектеп кітапханаларының онлайн-қауымдастықтары жасалып жатыр, сондай-ақ learning-apps интерактивті онлайн-қосымшасы қолданылуда.



«Bookcrossing – Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітап әлеміне саяхат» науқаны

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Алматы Астана, Шымкент, Қарағанды қалаларында орналасқан Зияткерлік мектептерде «Жас Ұлан» республикалық әскери мектебінде басталған «Bookcrossing – Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітап әлеміне саяхат» - «Білім көзі – кітапта» науқаны болып өтті.

Қазақстан әскерінің болашақ офицерлеріне 1 000 кітап сыйға тартылды: көркем және танымдық әдебиет, энциклопедиялар, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сөздіктер.

«Тұңғыш Президент Күні» және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күні» мерекелеріне орай жыл сайын желтоқсан айында өтетін «Bookcrossing» науқаны кезінде Зияткерлік мектеп оқушылары дәстүр бойынша ауылдық мектептерді аралап, оларға 9 706 кітап сыйлады. Кітаптардың ішінде балалар осы кітапты оқитын досына арнап, кітапты оқып шыққан соң қалыптасқан ойы мен ол туралы әсерімен бөлісе отырып, қысқа ғана хат жазады.

6.4. РОБОТ ТЕХНИКАСЫ

Қазіргі таңдағы қарқынды өзгерістер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаппай таралуымен байланысты. ЭЫДҰ елдерінде алты жасқа дейінгі балалардың 17%-ы, 7-9 жас аралығындағы балалардың 40%-ы интернет желісін пайдалана бастады. Қазіргі таңда мамандықтардың 90%-дан астамы сандық ресурстарды қолдану дағдысын талап етеді.



Дүниежүзілік экономикалық форумның технологиялық даярлық индексіне сәйкес Қазақстан 146 мемлекет ішінде 40-орында, ал мектептердің кең жолақты интернетке қолжетімділігі бойынша - 56-орында.

Жалпы білім беретін мектептерде робот техникасын енгізу үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептер» ДББҰ-ның «Робот техникасы», таңдау курсының бағдарламасы әзірленіп, еліміздің 2 900 астам мұғалімін оқытқан 80 тренер дайындықтан өтті.

Аталған курсқа электроника, механика, электр техникасы, 3D үлгілеу, компьютерлік бағдарламалау мен «Интернет» желісінде қауіпсіз жұмыс жасау негіздері кіреді.

«Робот техникасы» курсы оқушыларда инженерлік және дизайндік ойлауды, сондай-ақ математикалық үлгілеуді қалыптастыруға ықпалдасады, бұл өз кезегінде оқушылардың жасырын дарынын ашуға септігін тигізеді.

Өкінішке қарай, жалпы білім беретін мектептер техника жағынан әлсіз қамтамасыз етілгендіктен, робот техникасы курсын кеңінен енгізу әзірге мүмкін емес.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ - робот техникасы бойынша халықаралық олимпиаданың (World Robot Olympiad) Қазақстан Республикасындағы Ұлттық ұйымдастырушысы. 2014 жылы олимпиадаға 100 топ, ал 2015 жылы 115 топ қатысты.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының нәтижелік көрсеткіштерінің бірі – Зияткерлік мектептер мен жалпы білім беретін мектептердің 16 оқушысынан құралған Қазақстанның робот техникасы бойынша ұлттық құрамасы Нью-Делиде өткен World Robot



Olympiad – WRO-2016 Халықаралық олимпиадаға үшінші мәрте қатысуы.

Қазақстан құрамасы жеті топтама бойынша қатысты: Regular Junior High, Regular Senior High, Open Elementary, Open Junior High, Open Senior High, Advanced Robotics Challenge, Football.

Үш күндік сайыс нәтижесі бойынша ұлттық құрамаға **«Жер айналасындағы орбитаның ғарыштық қоқысын жоятын роботтандырылған орбиталық станция»** атты ең шығармашыл және инновациялық жобалары үшін **LEGO Education Creativity Award** сыйақысы табысталды.

Бұл жетістік елімізде робот техникасын дамытуға бағытталған курстың стратегиялық маңыздылығын растайды. Қазақстан және дарынды қазақстандық балалар бүгінгі өзінде әлемді бағындырып жатыр.

2017 жылы EXPO-2017 көрмесінің базасында Робот техникасы бойынша республикалық олимпиада өткізу жоспарланып отыр.

6.5. КОНФЕРЕНЦИЯЛАР МЕН ФОРУМДАР

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

2016 жылдың 27-28 қазанында Астана қаласында ДББҰ-ның «Білім берудегі өзгерістер аясын кеңейту: апробация және тарату» атты VIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді (бұдан әрі - Конференция). Бұл конференцияда білім беру саласындағы атақты әлемдік сарапшылар білім саласындағы өзгерістерді қалай өткізу қажеттілігі және оның маңыздылығы туралы талқылады.



Конференцияға 15 елден 190 қазақстандық және халықаралық білім беру ұйымдарынан 750 адам қатысты.

Білім берудегі өзгерістер мен инновациялар; білім берудегі көшбасшылық; оқу бағдарламалары; білім берудің сапасы мен бағасы; зерттеу өткізу этикасы мен тәжірибесі; отбасы, қоғамдастық және қоғам; балалар саулығы; білім беру ресурстары сияқты тақырыптар енген **14 желілік бағыт бойынша 45 секциялық отырыс** ұйымдастырылды.

160-тан астам сөз сөйлеулер әр түрлі нысанда ұсынылды – пленарлық отырыстар, презентациялар, семинарлар және постер сессиялар.

Сонымен қатар 13 ұйым қатысқан білім беру ресурстарының көрмесі өтті.


2016 жылы Конференцияның жаңартылған сайтында <http://conferences.nis.edu.kz/> Конференция шеңберінде сөз сөйлеулердің қысқаша мазмұнын қарау мен қатысу үшін төлем жасаудың онлайн жүйесі енгізілді. Онлайн

сауалнама нәтижесі бойынша Конференцияға қатысушылар мұндай жаңашылдықтар Конференцияға қызығушылық танытатын адамдар үшін қолжетімді еткенін атап өтті.

Сауалнама деректері Конференцияның ұйымдастырылуы және онда ұсынылған ғылыми-зерттеу материалдарына қатысты оң көзқарастардың басым екенін көрсетеді. Көзге таңбадай басылатын артықшылықтардың бірі – сауалнамаға жауап берушілер арасында халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясына келесі жылы да қатысқысы келетін адамдардың саны одан бір жыл бұрынғы сауалнама нәтижесімен салыстырғанда 26%-ға ұлғайғаны. Ғылыми қауымдастық тарапынан білікті баяндамалар мен құрылымдық ұсыныстар берілді. Конференция форматы мен мазмұны жөніндегі қатысушылардың ұсыныстары келесі жылы ескерілетін болады.

Екі жыл бойынша жасалған салыстырмалы талдау ақпарат мазмұнының өзектілігі мен сапасын «үздік» деп бағалаған жауап берушілер үлесінің 20%-ға артқанын дәлелдейді.

Диаграмма. Екі жыл бойынша мазмұнның өзектілігі және ақпараттың сапасы, %





Көптеген жауап берушілер пленарлық сессиялардың мазмұндылығы мен презентациялардың жаңашылдығын атап өтті. Бұл, өз кезегінде, ақпаратты жақсырақ меңгеруге септігін тигізеді. Әсіресе, Михо Тогума (Білім және дағды басқармасы, ЭЫДҰ) мен Павел Лукштың («СКОЛКОВО» Мәскеу басқарма мектебі,

Сурет. ЭЫДҰ-ның аға талдаушысы Михо Тогуманың пленарлық отырыста сөз сөйлеуі



Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату аясында пилоттық мектептер, жалпы білім беретін мектептер, басшылар мен зерттеушілердің қатысуымен жаңартылған білім беру мазмұны бойынша секциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Осылайша, Конференция Қазақстанның білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан инновацияларды талқылау алаңына айналды.

Конференцияның барлық материалдары <http://conferences.nis.edu.kz> веб-сайтында еркін қолданысқа берілген.

Ресей) баяндамалары ерекше көзге түсті. Олар жаһандық мәнмәтіндегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттарын анықтады. Сауалнамаға жауап берушілер Алехандро Адлердің (Пенсильвания университеті, АҚШ) баяндамасын атап өтті. Оның зерттеуі оқушылардың эмоциялық күйі мен денсаулығын жақсартуға арналған.

Сурет. Павел Лукша, Сколково Инновациялық Орталығының профессоры, пленарлық отырыста баяндама жасауы



«ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР: НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ ТӘЖІРИБЕСІ» ФОРУМЫ

Үштілді білім беруді жүзеге асыру саласындағы педагогикалық тәжірибемен алмасу мақсатында 2016 жылдың желтоқсан айында, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар: Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі» атты ІІІ республикалық форум өтті.

Форумға ҚР БҒМ өкілдері, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, Кембридж университеті кеңесшілері, еліміздің жалпы білім беретін, базалық және пилоттық мектептерден 350 қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі қатысты

Тілдерді оқытудағы коммуникативтік тәсілдің ерекшеліктерін жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне түсіндіру бойынша 2 пленарлық, 7 секциялық отырыс пен 12 шеберлік сыныбы өткізілді.

Халықаралық зерттеулердің нәтижелері, коммуникативті тәсіл арқылы грамматиканы оқыту саласындағы педагогтардың жеке тәжірибесі көрсетілді.

Тілдік пәндер бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталған тәсілдер мен амалдар интерактивті үлгіде қарастырылды. Оның ішінде қазақ тілінде білім алатын және қазақ тілінде білім алмайтын сыныптарда қазақ тілін оқытудың тәсілдері мен амалдары, тілдік емес пәндер арқылы тілді оқу тәсілдемелері қарастырылды.

Шеберлік сыныптарында әдеби шығармаларды зерттеу мен көркем туындыны талдау, эссе жазу бойынша заманауи тәсілдер көрсетілді.

«Қазақстан тарихы» пәнін қазақ тілінде оқытатын Зияткерлік мектептердің мұғалімдері, оқушылардың білім алу тіліне қарамастан, білім алушылардың «екінші» тілде сөздік қорын байыту және тілді меңгеруде оларға қолдау көрсету тәжірибесімен бөлісті.

Форум қатысушылары форум мазмұны мен ұйымдастырылуы жөнінде оң пікірлерін білдіріп, құнды ұсыныстар берді.

Бұл форумды еліміздің қазақ тілі педагогтары өте жақсы қарсы алады. Қазақ тілін дамытудағы мүдделі тараптардың бастамасымен бұл форум екі жылда бір рет өткізілетін болды.



ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕ БОЛҒАН РЕСЕЙ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ

Іс-сапар барысында шетелдік делегациялар Зияткерлік мектептердің қысқа мерзімде қол жеткізген жетістіктеріне ерекше тәнті болды:

https://www.facebook.com/pg/martelarussia/photos/?tab=album&album_id=1300023720013193

«Өткен аптада біз Қазақстанға жедел марш жасадық. Қазақтардың мектептік білім беру саласындағы сәттіліктері жайлы көп нәрсе естідік және міне, енді оны өз көзімізбен көре алдық.

Miras мектебіне бардық және «Назарбаев Зияткерлік мектептер» (НЗМ) қатарына жататын екі мектеп – ол соңғы 5 жылда бүкіл ел бойынша 20 мектептен тұратын желі құрған – жан-жақты зерттедік.

Қатты толғаныс - біздің жағдайымызда бұл ең дәл келетін сөз секілді. Финляндия, Швеция, Ұлыбританиядағы және басқа елдердегі ондаған мектептерді аралап, Қазақстандағы бұл мектептер бізді қатты таң қалдырады деп ойламаған едік. Нәтижелер, расында да, адамды таңғалдырады. НЗМ елдің бүкіл мектептік жүйесінің басты реформаторына айналды.

1. Жоғары сынып оқушыларының барлығы, кем дегенде, үш тілді меңгерген: қазақ, орыс және ағылшын. IELTS орташа балы – 6,5. Сабақтардың ауқымды бөлігі ағылшын тілінде өтеді. Мектеп оқытушыларының төрттен бір бөлігі – шетелдіктер.
2. Мектеп Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Халықаралық әріптестер саны көп: балалар АҚШ; Ұлыбритания, Сингапур, Оңтүстік Корея, Голландияда тұрақты, үнемі және бірнеше рет тағылымдамадан өтеді. Оқушылар Apple компаниясының деңгейіндегі жаһандық компаниялардың зерттеулік жұмыстарына қатысады.
3. Ғылыми, зерттеу жұмысы мектеп бағдарламасының негізгі бағыты болып табылады. Әрбір жоба нақты компаниялар мен кәсіпорындардың міндеттерімен байланысты, іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған. Хитинді тек «қымбат» шаянтәрізділерден алып қана қоймай, оны жақын жерде тіршілік ететін «арзан» бунақденелі тарақандардан алуды үйрену және осы нәрсені фармацевтикалық компанияларға сата білу; жабық сұйыққоймадағы мұнай деңгейін анықтаудың арзан және тез тәсілін табу және бұл жұмысты жүзеге асыру үшін мұнай компанияларынан қаржыландыру алу; аквариум балықтарын тамақтандырудың қашықтықтан басқарудың қарапайым тәсілін ойлап табу, яғни олардың қоректенуі дұрыс әрі пайдалы болуы қажет; Қазақстанда оңай және арзан қол жеткізуге болатын биологиялық және минералды материалдарды қолдана отырып, гүлдердің балаусалығын сақтауды үйрену және т.б. Балалардың барлығы дерлік бір нәрсені зерттеп қана қоймай, әрқайсысы «ойлап табумен» айналысады. Ойлап табу, түбегейлі жаңа шешімдер жасау, түпнұсқалылық пен жасампаздық - тек осы «валюта» ғана НЗМ үшін құндылық болып табылады.
4. Түпнұсқалылық пен тәуелсіздік - тек ғылымдарда емес (физика, биология, химия, бағдарламалау), сондай-ақ гуманитарлық, әлеуметтік салаларда орын алған. Сабақтардың бірінде тіл сезімі дамиды – оқушыларға дауыс ырғағы, сөзжасам түрі бойынша тіптен басқа тілде жүргізіліп отырған әңгіме тақырыбын анықтау ұсынылады. Басқа сабақ кезінде қаланың түрлі бұрыштарында кенеттен пайда

